



ҒЫЛЫМСЫЗ ДАМУ БОЛМАЙДЫ

Қазақ елінің тағдыры
ғылымға тікелей
байланысты

6

КИНОКЕҢІСТІК



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫ

қоғамдық санаға
серпіліс бере ала ма?

14

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

**АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ**
Ерболат ДОСАЕВ
Түркісіб ауданының
тұрғындарымен кездеседі
Кезекті басқосу бүгін
2023 жылдың
21 қыркүйегінде,
сағат 9.00-де
Сүйінбай даңғылы, 505
мекенжайында
орналасқан
№32 жалпы білім беретін
мектепте өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Түркісіб ауданы
әкімдігінің Facebook
парақшасынан көруге
болады.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №112 (6405) 21 қыркүйек, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев:

ДИПЛОМАТИЯ МЕН ДИАЛОГ

әрқашан басшылыққа алынуы керек



Мемлекет
басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаев
Нью-Йорк
қаласына жұмыс
сапары аясында
Орталық Азия мен
АҚШ
мемлекеттері
басшыларының
саммитіне
қатысты. Саммитте
Мемлекет
басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаев
АҚШ Президенті
Джозеф
Байденнен кейін
сөйледі.

2

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

АЛМАТЫ ӘКІМДІГІ МЕН MASTERCARD

Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

Алматы қаласы әкімінің
орынбасары Әлішер Әбдіқадыров
пен Шығыс Еуропа аймағы
бойынша Mastercard
бөлімшесінің президенті Ясемин
Бедир цифрлық технология
саласындағы жобаларды іске
асыру мақсатында Өзара
түсіністік туралы меморандумға
қол қойды.

Айнабай
МӘДИ



Тараптар ынтымақтастық үшін бірқатар
бағытты, соның ішінде қолма-қол ақшасыз
төлем жүйесінде инновациялық шешімдерді
енгізуді айқындады. Mastercard корпорациясы-
ның Tourism Insights цифрлық платформасы,
туристің мінез-құлық профилін жасауға, тұру
орны мен бару нысандарын таңдау кезінде
оның қалауын бағалауға, динамикадағы әуе-
жайдың кептелісін, т.б. бақылауға мүмкіндік
береді. Бұл туризм индустриясын дамыту үшін
шешім қабылдауға көмектеседі.

«Бүгінгі қадам Алматының Smart City ба-
ғытында дамуын жеделдетуге, тұрғындар мен
шетелдік қонақтарға қолайлы қалалық орта
қалыптастыруға, қаланың туристік әлеуетін
кеңейтуге ықпал ететініне сенімдімін», – деді
Әлішер Әбдіқадыров.



Қол қойылған меморандум аясында тарап-
тар Алматы қаласын Mastercard City Possible
Network халықаралық желісіне қосу туралы
уағдаласты.
«Mastercard басшылығының Президент
Қасым-Жомарт Тоқаевпен Нью-Йоркте өткен
кешегі кездесуінде, біз Орталық Азия мен
ТМД-дағы Mastercard бизнесінің өңірлік орта-
лығы Алматы болатынын жарияладық. Сон-
дай-ақ, Қазақстан Республикасының Цифрлық
даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігімен әріптестік туралы
бес жылдық келісімге қол қойдық. Онда Қа-

зақстан Үкіметімен ынтымақтастықтың
басты тақырыбының бірі ретінде «ақылды
қалалар» көрсетілген. Mastercard бірлескен
бастамаларды іске асыруда, Алматы әкімдігін
технологиялармен, жаһандық сараптамамен
қолдауға дайын», – деді Ясемин Бедир.

Mastercard – 60-тан астам елде 1600-ден
астам мемлекеттік жобаны жүргізетін жаһан-
дық төлем мен технологиялық компания. Қа-
зақстанда компания төлемдерді цифрландыру
есебінен қолма-қол ақшасыз экономиканы да-
мытуға белсенді қатысып, 20 жылдан астам
жұмыс істейді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.09.2023

Түнде:



+9+11 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.

Күндіз:



+18+20 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8, кей уақытта екпіні 15-20 м/с

22.09.2023

Түнде:



+9+11 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.

Күндіз:



+13+15 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
9-14, кей уақытта екпіні 15 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев:

ДИПЛОМАТИЯ МЕН ДИАЛОГ

әрқашан басшылыққа алынуы керек

(Басы 1-бетте)

Кездесу барысында C5+1 серіктестігі арқылы экономика, энергетика және қауіпсіздік салаларында Орталық Азияның егемендігін, орнықты дамуын және өркендеуін одан әрі нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеу мәселесі талқыланды.

Стратегиялық серіктестікті, саяси диалогты, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, сондай-ақ Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселелері жан-жақты қаралды. Экономикалық ынтымақтастық мәселесіне, сондай-ақ америкалық компаниялардың маңызды қазба байлықтарды игеру, жаңартылатын энергия көздері, өңдеу өнеркәсібі және басқа да бағыттарды дамыту мүмкіндіктеріне баса мән берілді. Бұдан бөлек, пікірталас барысында қауіпсіздік проблемаларын, соның ішінде киберқауіпсіздік, терроризм, экстремизм, заңсыз миграция және есірткі тасымалы секілді қауіп-қатерлерді шешу үшін ынтымақтастықты нығайту перспективалары қарастырылды.

Қазақстан Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталығын ашу ісінде АҚШ тарапының қолдауына сенім артағынын жеткізді.



БЕЙБІТШІЛІК МӘДЕНИЕТІ

«Бірлігіміз – әралуандығымызда» және өзара құрмет қағидаттарына негізделеді

Мемлекет басшысы Нью-Йорк қаласына сапарында БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясында өткен Жалпы дебатқа қатысып, сөз сөйледі.

Ең биік халықаралық мінберде сөз алған Қазақстан Президенті адамзат баласы бұрын-соңды басынан өткермеген аса үлкен сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын және геосаяси қақтығыстардың жаңа кезеңіне өткенін мәлімдеді.

– Диалог – жаңа принциптер мен нормалар бойынша келісімге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, қолайлы орта қалыптастырудың жалғыз жолы. Қабылданып жатқан барлық шешімге қарамастан, әлемнің көптеген аймағында қақтығыстар жалғасып жатыр. Біз барлық тарапты БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей нормаларын негізге ала отырып, қақтығыстарды реттеудің дипломатиялық жолын іздеуге шақырамыз. Осы орайда Қазақстан Украина дағдарысын саяси реттеуді қолдайтын түрлі мемлекеттер мен елдер топтары ұсынған барлық бастамалар мен жоспарларды жоғары бағалайды. Халықаралық дауларды шешуде әрқашан дипломатия мен диалог басшылыққа алынуы керек. Сондықтан біз қазіргі жаһандық институттардың жалғыз жүйесін тұрақтандыруға барынша күш салуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бейбітшілік мәдениеті тек «Бірлігіміз – әралуандығымызда» және өзара құрмет қағидаттарына негізделе алатынын қадап айтты. Оның пікірінше, Қазақстан өзінің ұлттық мүддесін көздей отырып, өзекті халықаралық мәселелерді шешудің үнемі бейбіт жолын іздейтін мемлекет.

– Тәуелсіздік, аумақтық тұтастық және егемендік – мұның бәрі халқымыз қазір де, келешекте де басшылыққа алатын мызғымас қағидалар. Біз барлық стратегиялық мәселе бойынша негізгі одақтастарымызбен қарым-қатынасымызды жалғастыра береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Жаһандағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететін жаңа бағамдар керектігін атап өткен Президент ол үшін Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидаттары мен ережелеріне негізделген ашық, анық әрі инклюзивті көпжақты сауда жү-

йесі қажеттігін, сондай-ақ жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің анағұрлым мінсіз жүйесін құруды ойластыру керектігін алға тартты. Қазақстан азық-түлік жеткізуші аймақтық хабқа айналуға дайын. Ол үшін бізде барлық қажетті ресурс, инфрақұрылым және логистика бар.

Мемлекет басшысы климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі мәселеге баса мән берді. Қазақстан тарапы Өділетті энергетикалық жүйеге көшу бағдарламасын (Just Energy Transition Partnership) іске қосуды ұсынды. Көмірді пайдаланудан кезең-кезеңімен, орнықты және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып бас тарту климаттың өзгеруіне қарсы күреске арналған жаһандық мақсаттарға жетуді едәуір ілгерілетінін жеткізді. «Алматыда Орталық Азия үшін климат өзгерісі мен жасыл энергетика бойынша Жобалық кеңсе ашу жөніндегі Қазақстанның бастамасы осы мәселелерді шешуге ықпал ете алады. Біз 2026 жылы БҰҰ аясында Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Орталық Азия өңіріндегі су тапшылығы трансшекаралық өзендер бассейнінде күрделі экономикалық және басқа да мәселелер туындатып отырғанына назар аударды. Оның тұжырымдауынша, мұндай жағдай келешекте бүкіл әлемде байқалады. 2040 жылға қарай суға жаһандық сұраныс ұсыныстан 40 пайызға асып кетуі мүмкін. Осы бір маңызды жаһандық мәселені шешу үшін саяси күш-жігер мен экономикалық ресурстарды жұмылдыру керек. Қазір әлемдегі ең ірі көл – Каспий теңізі де суының тартылуы, су арналарының бұрылуы, флорасы мен фаунасының ластануы сияқты экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Каспий теңізін құтқару мәселесі ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін ортақ басымдыққа айналуы керек.

Президент Біріккен Ұлттар Ұйымының негізінде жатқан бірлік пен ұжымдық ықпалдас-тық рухын жаңғыртуға шақырды. «Жарқын әлем құруға деген ортақ мақсатымыз біздің әралуандығымыздан әрдайым биік тұруға тиіс екенін есте ұстайық. Қазақстан жарқын, өділетті және орнықты әлем құру ісінде БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің бәрімен ынтымақтастық орнатуға дайын», – деп сөзін қорытындылады Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

НЬЮ-ЙОРК САММИТИ

ҚАЗАҚСТАН – АМЕРИКА:

МАҚСАТТАР МЕН МҮДДЕЛЕР

АҚШ-қа
ҚАЗАҚСТАННАН НЕ
КЕРЕК?

Америкаға Қазақстанның батыс идеологиясы аясында еркіндік пен демократия форватерінде жүріп, екінші жағынан Каспийде мұнай өндіріп жатқан Шевронмен дос болып қала бергені керек. Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік мәселесінде АҚШ Өзбекстанға көбірек сенім артады. Себебі, Пентагон Қазақстанда Ресейдің әскери позициясы әлі сақталып отыр деп есептейді. ОДКБ, Байқоңыр кешені мен Сары-Шаған полигоны оған әрине дәлел.

Қазақстан Вашингтонға экономикалық жағынан қарағанда, саяси тұрғыдан көбірек керек. Егер АҚШ Орталық Азияны Ресей мен Қытайға қарсы маятник ретінде қолданғысы келсе, онда бұл рөлге екі алпауытпен де шектесетін Қазақстан ғана тура келеді. Әзірге АҚШ Қазақстанның Ресейдің параллельді импортына көмектесуін мүмкіндігінше тоқтатқысы келіп отыр.

ҚАЗАҚСТАНҒА
АҚШ-тан НЕ КЕРЕК?

Бізге инвестиция керек. Одан да дәлірек айтсақ, енді шикізатқа емес, дайын өнім өндеуге деген инвестиция қажет болып тұр. Доллармен қоса, технологиялар келіп жатса тіпті жақсы. Қарапайым тілмен түсіндірсек, Қазақстан АҚШ бізге келіп, Apple, Tesla, IBM сияқты көп күшті зауыттар салып, онда көптеген отандастарымыз жақсы жалақыға жұмыс ітесе екен деп армандайды. Сонда біздегі кедейлік пен бюджет проблемасы шешілер еді. Сондықтан осы кездесуден кейін символикалық, психологиялық кедергі болып тұрған «Джексон-Веник түзетуі» алынып тасталады деген ой бар.

Қазақстан үшін АҚШ нөмірі бірінші сауда серіктесі емес. АҚШ үшін Қазақстан тіпті 60-шы орындарда деуге келеді. Олар бізге тауарымызды алатын елден гөрі, инвестиция құятын ел ретінде бағалы. 1993 жылдан бері АҚШ-тан бізге келген инвестиция көлемі 62 миллиард доллардан асқан. Сонда да бір қызығы, инвестиция бойынша АҚШ бірінші орында дей алмаймыз. Көп шуламайтын Нидерланд мемлекеті 30 жылдың ішінде бізге 110 миллиард доллар құйып тастаған.

КЕРЕК ДЕРЕК

АҚШ пен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 2022 жылы рекордтық деңгейге жетіп, 3,1 миллиард долларды құрады. АҚШ-тың бізден аларынан бергені көп болды. Біз оларға 1,2 миллиард доллардың тауарын экспорттасақ, мұхиттың арғы жағынан келген импорт 1,9 миллиард долларға шықты. Яғни сауда балансында жағымды сальдо АҚШ жағында. Америкаға біз мұнай мен ферроқорытпалар жібереміз. Ал ол жақтан ұшақ, көліктер, айфон мен макбуктар алдырамыз.

Ал биылғы қаңтар–шілде айларында АҚШ-қа бізден баратын экспорт 737,8 миллион доллардан асты. LSM мәліметінше, сату көлемінің негізгі бөлігін мұнай – 509,6 мың тонна (-25,8%), ұшақтар мен тікұшақтар – 92,3 тонна және ферроқорытпалар – 61,6 мың тонна (+0,5%) құраған. Өз кезегінде Америка Құрама Штаттарынан келетін импорт 1,6 еседен астам өскен. Қазір оның көлемі 1,6 миллиард доллар болды.

Айбар ОЛЖАЕВ, сарапшы.



САРАПТАМА

БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы:

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК САЯСИ ТӘРТІП

Мемлекет басшысы жаһандық жиында бірқатар маңызды бастамалар көтерді

Қазір көз алдымызда әлемдік саяси тәртіп өзгеруде. Аймақтық деңгейдегі алпауыт елдер өздерінің саяси ықпалын күшейтуге тырысып жатыр. Бұл Біріккен Ұлттар Ұйымында жүйелі дағдарыстың бар екенін көрсетеді. Мұның аясында әлем бірполюсті ме, әлде көпполюсті деген мәселе күн тәртібінде тұр. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі 5 тұрақты мүше саналатын ұлы державалардың саяси үстемдігі, экономикасы дамыған G7 бейресми халықаралық клубы мен G20 деп аталатын дамушы немесе «орта держава» мемлекеттері қосылған клуб, қала берді BRICS ұйымының ұлғаюы сияқты үрдістер әлемде терең саяси дағдарыс бар екенін көрсетеді. Бұл үрдістерден Қазақстан қалыс қалмауы тиіс. Сондықтан БҰҰ мен біз орналасқан аймақтың саяси беделін арттыру жолында барынша еңбек ету қажет. Осы мәселелер төңірегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында түрлі бастама көтерді.

АСТАНА ӘЛЕМДІК
ДАҒДАРЫСҚА АЛАҢДАУЛЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір әлем аса үлкен сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын және геосаяси қақтығыстардың жаңа кезеңіне өткенін мәлімдеді. Ол әлемдегі дағдарысқа БҰҰ Жарғысындағы халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бір мезетте бұзылуы себеп болғанын атап өтті. Бұдан туындаған геосаяси қақтығыстар әлемдегі сауда жүйесін бұзады. Көлік-логистика әлсіреп, инфляция қарқынды өседі. Қала берді, ең қауіптісі азық-түлік мәселесі өрши түседі. Осы орайда Мемлекет басшысы Украина дағдарысын мысалға алды. Оны дипломатиялық жолмен шешу қажет екенін мәлімдеді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесіне жан-жақты реформа жасамай, бұл қиындықтар еңсерілмейтінін мәлімдеді. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 5 тұрақты және 10 тұрақты емес мүшесі бар. Әр ел рет-ретімен 2 жылға тұрақты емес мүше статусын алады. Ал АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей және Қытай елдері тұрақты мүше саналады. Олар БҰҰ деңгейінде кез келген мәселе бойынша резолюция ұсыну мен өзге елдер ұсынған резолюцияны қабылдамай қоятын «вето» құқығына ие. Жалпы, бұл елдер геосаяси ғылымда «Ұлы державалар» деп аталады.

Сарапшылар әлем елдерін бөлудің сан түрін ұсынады. Сондай көзқарастың бірін Қасым-Жомарт Тоқаев сөзге тиек етті. Оның ойынша, Қауіпсіздік Кеңесі қазіргі тығырықтан шыға алмайтын сияқты. Одан шығу үшін Кеңесте «орта державалардың» және барлық дамушы елдердің үні күшеюі керек екенін айтты.

Ал енді «орта держава» деген кімдер? Орта державаға G20-ға мүше мемлекет-

терді жатқызады. Әрине, онда Қауіпсіздік Кеңесінің 5 мүшесі де бар. Олардан басқа елдер «орта державалар».

Соңғы уақытта Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысына қатысты өзге елдер тарапынан сын айтылуда. Биыл тамыз айында өткен BRICS ұйымының 15-саммитінде де осы мәселе көтерілген. Ұйымның бірлескен мәлімдемесінде Бразилия, Үндістан және Оңтүстік Африка республикасының Қауіпсіздік Кеңесіндегі беделін өсіру туралы ұсыныс жасалды. Бұл үрдістен Қазақстан да қалыс қалмауды көздейді. Осы орайда, Президентіміз Кеңестің кеңейтілген құрамында біздің ел де болуы керек деген ұсыныс жасады.

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ
ҚҰРАМЫНДА БОЛУҒА БІЗДІҢ
ДЕ ҚАУҚАРЫМЫЗ ЖЕТЕДІ

Қауіпсіздік Кеңесінің құрамында болуға біздің де қауқарымыз жетеді. Бұл бастаманы жүзеге асыруға институционалды мүмкіндігіміз бар. Қауіпсіздік Кеңесінің басты міндеті – әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл бағытта Қазақстанның бастамасымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) құрылған. Ол аймақтағы қауіпсіздік мәселелерін шешуге бағдар алған. Яғни Астана осы халықаралық институт арқылы еліміздің әлемдегі саяси беделін ұлғайтуды көздеп отыр. Бүгінгі күні ұйымға 27 ел мүше. Оған көп ел мен халықаралық ұйым бақылаушы.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы АӨСШК-ға балама ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын да атап өтті. Осы институттар арқылы Жаһандық Оңтүстік пен жаһандық Солтүстік арасында ашық диалог орнатуды Президентіміз мақсат етіп



отыр. Әрине, бұл бүгін, яки ертең жүзеге асатын дүние емес. Бұл стратегиялық мақсат. Әлем елдері оңтүстік пен солтүстікке экономикалық әлеуетін ескеріп бөлінеді. Солтүстік бай, ал оңтүстік кедей мемлекеттер. Яғни екі институт арқылы әлем елдерін бітімге келуге ынталандырмақшы.

Ал қазір біз не көріп отырмыз? Ұлы шахмат тақтасында терең саяси өзгеріс байқалады. Қауіпсіздік Кеңесінде геосаяси дағдарыс, G7 мен өзге экономикалық артта қалған әлем елдері арасындағы әлеуметтік, ғылыми-технологиялық теңсіздік өсіп келеді. Сонымен қатар, келесі жылдан бастап BRICS ұлғаюды. Ұлғайғанда G20-ға мүше елдер есебінен. Бұдан әріне, G20 бейресми клубында ішкі дағдарыс өршелене түседі. Себебі, онда G7 елдері беделдірек.

Қала берді, 9-10 қыркүйекте өткен G20 саммитінде Африка одағы оған мүше ретінде қабылданды. Тамыз айында өткен BRICS саммитінде де Африка құрлығы елдерімен байланыс орнатуға тырысушылық байқалды. Ал 4-7 қыркүйекте өткен ASEAN саммитінде ұйым ешқандай гео-

саяси текетіреске қосылмайтынын мәлімдеді. Ал біз керісінше оған араласуды ұсынып отырмыз. Араласқанда да тараптарды бітімге келуге ынталандыру үшін ғана.

Әлемдегі саяси тәртіп қалай өзгерері белгісіз. Қауіпсіздік Кеңесі ұзақ уақыттық перспективада ұлғайып, тұрақты мүшелер саны 15-ке өсуі мүмкін. Бұл 20-30 жылда жүзеге асуы екіталай болжам. Бұл үрдіс ғасыр соңына дейін созылуы мүмкін.

СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒДАР
ӨЗГЕРМЕЙДІ

Ал жалпы біздің сыртқы саяси бағдарымыз өзгермейді. Көпвекторлы сыртқы саясатты жалғастыра береміз. Себебі, гео-экономикалық тұрғыдан бізге геосаяси текетірес тиімді емес. Жоғарыда атап өткеніміздей, әлемдегі тауар саудасы жүйесі әлсіреп, көлік-логистика нашарлайды. Инфляция айды аспаннан шығармақ. Байқап қарайтын болсақ, 2020-2030 жылдарға арналған еліміздің сыртқы саяси тұжырымдамасы жүзеге асып келеді. Мысалы, құжаттағы келесі міндеттерді өміршең етуге тырысудамыз:

1) Қазақстанның төңірегінде саяси тұрақты, экономикалық орнықты және қауіпсіз кеңістік құру бойынша күш-жігерді нығайту;

2) халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайту, жаһандық және өңірлік қауіпсіздік пен өзара іс-қимыл жүйесінің тиімділігін арттыру бағытын жалғастыру;

3) мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделерін ілгерілету мен қорғауды ескере отырып, екіжақты және көпжақты деңгейде сыртқы саясаттың басты мәселелеріне қатысты жаңа тәсілдер тұжырымдап, іске асыру;

4) сыртқы саясатты «экономикаландырудың» жаңа деңгейін қамтамасыз ету, әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде Қазақстанның ұстанымдарын одан әрі күшейту.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

БҰҰ: СЕССИЯ КҮНДЕЛІГІ

КӨШБАСШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке жұмыс сапары барысында бірқатар маңызды да мазмұнды екіжақты кездесулер өткізді.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 78-сессиясының аясындағы екіжақты келіссөздер бағдарламасы Мажарстан Президенті Каталин Новакпен кездесуден басталды.

Екі ел президенттері БҰҰ-ның «Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізу жолындағы прогресті жеделдетудің негізгі өтпелі процестеріне қатысты ауқымды іс-қимылдарды



жандандыру» атты Көшбасшылар диалогының бірінші сессиясында тарағалық етті.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясында Словения Президенті Наташа Пирц-Мусармен, Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисимен, Финляндия Президенті Саули Ниинистөмен, Эстония Президенті Алар Кариспен, Румыния Президенті Клаус Йоханниспен, Черногория Президенті Яков Милатовичпен, Португалия Президенті Марселу Ребелу де Соузамен, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухпен, Кения Республикасының Президенті Уильям Рутотен кездесіп, келіссөз жүргізді. Тараптар халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер және Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы өзара ықпалдастық пен серіктестік жайлы әңгіме өрбітіп, пікір алмасты. Президент Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, GE Healthcare компаниясының Еуропа, Таяу Шығыс және Африка бойынша президенті Роб Уолтонмен, Amazon корпорациясының вице-президенті Сюзан Пойнтермен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йоркке жұмыс сапары Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёльмен кездесумен қорытындыланды.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖАҢА ЖАҢАНДЫҚ ӘЛЕМ ЖӘНЕ ДІН

Наным-сенім қайшылығын реттеуде отандық тәжірибе маңызды

Бұл күнде халықаралық шиеленістің күшейіп, жаһандық тәртіптің бұзылып жатқаны басым көп саясаттанушылар жағынан мойындалған шындық. Әлем елдерінің блоктарға қарай жіктелуі және көзқарас пен саяси ұстанымдағы қайшылық тереңдеді. Соның өзі өткен ғасырдың «қырғиқабақ соғысын» елестетеді. Тіпті, қазіргі әлем «қырғиқабақ соғыстан» кейінгі ең қауіпті жағдайға тап болды.

Бұл асыра айтылған сөз емес, себебі, біз бүгінде қару-жарақ бәсекесі мен ядролық қарудың қолданылу қаупіне ең жақын кезеңдеміз. Әрине, соғыс жайында адамдардың түсінігі әлі де классикалық мәніне жақын. Алайда, қазіргі әлемде болып жатқан гибриді, кибер немесе сауда соғыстарының бәрі түрін өзгерткен қақтығыстардың ауқымды формасы. Дегенмен, мәселеге тағы бір қырынан қарауға болады. Яғни осы терең қайшылықтың астарында әлемнің жаңа әрі жаһандық тәртіп құруға деген талпынысы жатыр.



ЖАҢА ТӘРТІПКЕ ИТЕРМЕЛЕГЕН ШЫНДЫҚ

Жетпіс жылдан аса уақытта әлем жаңа сын-қатерлермен жүздесіп, түйткілді жаңа мәселелер жарыққа шықты. Әсіресе, жаңа мыңжылдықты аттағаннан кейін әлем өркениеттер қақтығысының жаңа формасына енгендей болды. Бұл арада халықаралық саудадағы мүдде қайшылығының өсіп шығуын, сондай-ақ, діни экстремизм мәселесінің күн тәртібіне енуін және жаңа технологиялар қалыптастырған құндылықтар мен дәстүрлі құндылықтардың шарпысуын атасақ болар.

Қазіргі инновациялық мүмкіндіктер, технологиялық жетістіктер және ғылымның жалпыласу деңгейіне қарамастан дін әлі адамзат қоғамындағы маңызды фактор болып саналады. Адам өмірінің сакральді құндылығы жаңа мыңжылдықта да әлеуметтік мәселелердің ауқымды бөлігіне әсер етіп отыр. Өйткені, ресми статистика бойынша қазір әлемдегі 85 пайыз адам қандай да бір діни наным өкілі саналады. Әрине, технологиялардың бірнеше ұрпақ буындары біртіндеп адамзат санасын сакральді түсінік-пайымдардың шеңгелінен алып шығуда. Үрдістің осы қырынан қарағанда, алдағы бірнеше дүркін технологиялық «жарылыстардан» кейін діни пайым-

Бұған дейінгі халықаралық тәртіп өткен ғасырда екі реткі жаһандық қанды қырғынды бастан кешіргеннен адамзаттың ортақ талпынысы нәтижесінде құрылды. Оның маңызды жетістігі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы және Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясының қабылдануын айрықша атау керек. Бұлар ендігі қалыптасу үстіндегі жаңа тәртіп үшін де маңызды болып қала бермек.

дардың жалпы әлеуметтік құрылымға болған әсері әлсіреуі мүмкін. Соның өзінде біз жақын болашақта діннің адамзат қоғамына жасайтын ықпал әсерін жоққа шығара алмаймыз.

Ал қазіргідей жаңа жаһандық тәртіптің түзілуі қарсаңында діннің маңызы мен орнын терең пайымдау қажет екені сөзсіз. Былайша айтқанда, халықаралық жаңа тәртіп аясында діннің орны қандай болмақ?

Мәселе жаңа тәртіпті түзуге итермеленген себептердің ішінде де дін факторы бар. Ауғанстан мәселесі, Сирия мен Ирак жеріндегі ДАИШ лаңы; Солтүстік Еуропа елдеріндегі антиисламистік көзқарастардың өршуі; Мьянмадағы рохиджа мұсылмандарына жасалған әскери аластау; жаңа дәуірдегі Иерусалим үшін күрестің күшеюі және т.б. Мұны мейлі өркениеттер қақтығысы, әлде басқа деп атасақ та түп мәнінде діни көзқарастардың шарпысуы

жатыр. Құрылу үстіндегі жаңа әлемдік тәртіпке бұл жағдаяттардың әсер етпей қалуы екіталай. Сондықтан да бұл мәселе мемлекет басшылары мен белгілі саясаткерлер арасында да сөз болып келеді. Осы орайда 14 қыркүйек күні The Jerusalem Post басылымына жарияланған еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы да пікір алмасудың бір форматы ретінде танылады.

ДИНИ ЖЕТЕКШІЛЕРДІҢ ӘСЕРІ

Аталған израильдік басылымдағы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірі бір қырынан дипломатиялық жүріс қатарында бағаланады анық. Дейтұрғанмен, онда халықаралық тұрақтылық пен бейбітшілікке діни жетекшілердің ықпалын тура бағыттауға қатысты бірқатар маңызды мәселелер де айтылған. Анығында, діни жетекшілерді әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа бағыттаудың үш негізгі тәжірибесі ұсынылған. Біріншіден, діни жетекшілердің қақтығыстардан қалған әлеуметтік терең зардаптарды жеңілдетудегі маңызы; екіншіден, адам табиғатындағы қайшылықты діни сенім құндылығы арқылы реттеу, сол арқылы қақтығыстарды болдырмаудың дәстүрлі жолдарын жүйелеу ұсынылған; үшіншіден, рухани құндылықтар мен моральдық принциптерді жаңа цифрлық дәуірде насихаттаудың маңыздылығы көрсетілген. Былайша айтқанда, әлемдегі барлық діндердің өзегіндегі ізгілік пен рухани тыныштыққа деген ұмтылысты бейбітшілік пен тұрақтылыққа бағыттаудың маңыздылығы айрықша аталған.

Ғылым-білімнің, коммуникацияның дамуы қоғам өкілдерінің пікір алмасуын қамтамасыз ете отырып кейбір әлеуметтік қайшылықтарды шешудің жеңіл жолдарын әзірлейді. Мәселен, кейбір дамыған елдерде дәстүрлі не діни құндылықтар мен жаңа әлеуметтік құндылықтар өзара үйлесім тауып жатқаны бар. Бұл әлеуметтану тұрғысынан болашақ әлемнің бейбітшілігі мен тұрақтылығына сенімді кепіл ретінде қарастырылып зерттелуде.

Жасыраны жоқ, діни сенім мен зайырлы қоғам арасындағы кейбір мәселелер біздің елде де ашық қоғамдық талқыға шығып жатыр. Сондықтан ғылым-білім және коммуникацияны дамытуды жүйелі жолға қою арқылы қоғамның сенімге қарай бөлшектенуінің алдын алуға болады.

ҚОҒАМНЫҢ НАНЫМ-СЕНИМГЕ БӨЛШЕКТЕНУІНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛЫ БАР МА?

Түптеп келгенде, әлемдегі діни наным-сенімнен келіп шыққан қайшылықтардың негізі адамдардың көзқарасындағы, ойлау жүйесі мен психологиялық түпсанасындағы айырмашылықтардан келіп шығады. Адам өмірінен тартып, әлемнің жаралуына дейінгі алуан түрлі пайым, сан алуан сенім ортақ пікірге келу үшін тым ұзақ уақыт пен сол уақыт бойындағы тұрақты ұжымдық іс-қимылды қажет етеді. Әрі, халықаралық жағдай ұдайы тұрақтылықта тұра бермейтіндіктен мұндай ортақ құлшыныстарды оңай қиратып кетіп жатады. Сондықтан адам табиғатынан және сенімнен келіп шығатын кейбір әлеуметтік қайшылықтарды шешудің жанама жолдарын да ұсынған абзал.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



Бір қарағанда, от пен судай отаса алмайтындай көрінетін түрлі діни сенімдер, анығында түсініспестік пен пікір алмасудың кемшілігінен ғана қайшылыққа ұласып жатады. Ал адамзаттың ақыл-парасатындағы бірдей жетістіктер діннің де өзегінде адами құндылықтар негіз болып тұрғанын көрсетеді. Бұл ортақ өзекке ұмтылу наным-сенімдер арасындағы жаулық пен өшпенділікті жоюдың бірден-бір жолы. Президент: «Діни көшбасшылар әлемде бейбітшілік ортануға көмектес алады» деп пікір білдіргенде осыны басшылыққа алғандай. Әрі, сөз ретінде Қазақстанның 20 жылдан бері әлемдік діндерге ұсынып келе жатқан диалог алаңының маңызы мен жетістігіне де тоқталған. Егер жаһандық тұрғыдан бағалайтын болсақ, былтыр жетінші съезін өткізген бұл диалог алаңы бейбітшілік пен тұрақтылыққа әсер ететін дін факторын оңды реттеудегі үздік әдістің бірі.





ЖЕҢІЛДІК



ЫСТЫҚ ТАМАҚ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Алматыда халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы балалар оқу жылының басынан мемлекеттік балабақшаларда тегін тамақпен қамтамасыз етілді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қаулысымен 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар мемлекеттік балабақшаларда тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

Алматы қаласы білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, қазір мегаполисте 80 мыңға жуық бала (194 мемлекеттік және 1 республикалық – 39 862 бала; 723 жекеменшік – 39 738 бала) баратын 918 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Алматы бойынша 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 93,4%-ы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған.

Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуды арттыру мақсатында 2023 жылдың басынан бастап 3801 орынға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға 2 байқау өткізілді.

«Қазіргі уақытта Алматы қаласы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5672 бала тегін тамақпен қамтылды. Бағдарламаны іске асыру үшін Алматы қаласы мәслихатының шешімімен жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді», – деді Ләззат Жылқыбаева.

Тегін тамақпен қамтылған балалар санаттарына мыналар жатады:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- көпбалалы отбасылардан шыққан балалар.

ТАЗАЛЫҚ

КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНДАР

жауын-шашынға байланысты күшейтілген режимде жұмыс істеді

20 қыркүйекте, сағат 07.00-ден бастап Алматы қаласында жаңбыр жауып, ол үзіліспен түске дейін жалғасты. Таңертеңгі сағат 10.00-дегі жағдай бойынша қалада 9 мм жауын-шашын болды. «Каменск үстірті» аймағында оның көлемі 14 мм болды.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандарының мәліметінше, су тасқынының алдын алу және жою үшін 45 патрульдік бригада,

165 бірлік арнайы техника, 24 мотопомпа және 820 жол жұмысшысы жұмылдырылды. 1750 қап құм жиналды.

Төтенше жағдайлар жөніндегі

жедел кезекшінің ақпараты бойынша Бостандық ауданындағы Вахтангов көшесі, 5 мекенжайында – жеке сектор аумағын бір рет су басу тіркелді.

«Алматы Тазалық» МКК мамандарының жедел қимылының нәтижесінде құлаған бұтақтан арық өткелі тазартылып, су тасқыны жойылды.

Қазіргі таңда барлық аудан әкімдіктерінде жұмыс өндірісін бақылау бойынша кезекшілік ұйымдастырылды.



Суретті түсірген Самат Құсаиынов

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҮЙ САТЫП АЛАРДА МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!

Қала құрылысын бақылау басқармасы тағы бірқатар жылжымайтын мүлікті сатып алуға ұсынылмайтын тұрғын үй кешендерінің тізімін толықтырды. Мамандардың айтуынша, бұл тұрғын үй кешендерінде талапқа сай берілетін рұқсат құжаттары толық емес.

Сондықтан аталмыш басқарма қызметкерлері үй сатып алуды жоспарлап жүрген жандарға жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын, салынып

жатқан ТҮК-нің құжаттар пакетінің бар-жоғын тексеруді ұсынады. Бұл туралы төменде көрсетілген Қала құрылысын бақылау басқармасының анықтамалық нөміріне (+7 (727) 229-81-36) хабарласу арқылы білуге болады.

Сатып алуға ұсынылмайтын тұрғын үй кешендерінің тізімін Almaty-akshamy.kz сайтынан оқи аласыздар.

КӨҒАЛДАНДЫРУ

Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы «Жасыл аула» науқанының басталғанын хабарлады.

20 қыркүйектен бастап қала тұрғындарынан көпқабатты үйлердің ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыру үшін жапырақты көшеттерді алуға өтінімдер қабылданады. Көшеттер тегін беріледі.

Науқан аясында бір адамға 20-ға дейін көшет бөлінеді. Бұл ретте өтініш беруші отырғызылған ағаштарды алдағы үш жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қоюы тиіс.

Өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы қазанның 1-не дейін жалғасады. Көрсетілген уақыттан кейін жолданған өтініштер қабылданбайды.

Қатысу үшін Jasyul.aula.almaty@gmail.com электронды

КӨШЕТТЕР ТЕГІН БЕРІЛЕДІ

Алматыда «Жасыл аула»
науқаны басталды

поштасына келесі мәліметтерді жолдау қажет:

1. Қатысушының аты-жөні мен телефон нөмірі, ағаш отырғызылатын орынның нақты мекенжайы;

2. Ағаш отырғызылатын орынның фотосы (мамандарға орынды толықтай бағалауға мүмкіндік болуы үшін панора-


малық форматта болғаны жөн);

3. Сұралып отырған көшет саны.

Көшеттерді тарату Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Юрий Ким к-сі, 9 («Еco Almaty» ЖШС) мекенжайында 2023 жылдың 7, 8, 14, 15 қазанынан бастап жоспарланған. Отырғызылған көшеттердің фото есебін жіберу қажет.

Қосымша ақпарат алу үшін Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының Жасыл қорды басқару және мониторинг бөліміне байланыс нөмірі бойынша (+7 707 724 9697) хабарласуға болады.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.






ЖОЛДАУ – 2023

ҒЫЛЫМСЫЗ ДАМУ БОЛМАЙДЫ

Қазақ елінің тағдыры ғылымға тікелей байланысты

Әрбір дамыған елдің негізгі бағыты – әділетті қоғам. Осы мүдде төңірегінде топтасады. Болашақта атқарар істерін бағамдап отырады. Біздің де өз жолымыз бар. Ұлы мақсатқа қарай қадам басып барамыз.

Елімізде әлеумет пен әлеуеттің жай-күйін біліп, зерделеп жүрген ғалымдар жетерлік. Өйткені, ғалым өткенді біледі, бүгінгі жағдайды түйсінеді, келешекті бағамдайды. Сондықтан Саясаттану орталығының директоры, саяси сарапшы Айдар ӘМРЕБАЕВПЕН сұхбат құрған болатынбыз.



ТАПСЫРМА Орындалуымен құнды

– Бұл жолғы Жолдаудың мән-маңызына тоқталып өтсеңіз...

– Қазақстанда жыл сайын Мемлекет басшысы өз Жолдауын жариялайды. Бұл саяси дәстүрге де айналды. Әрине, батыстан тамыр тартатын қалыптасқан үрдіс. «Қаңтар оқиғасы» өткеннен кейін Ата Заңға жаңа саяси, құқықтық өзгерістер енгізілді. Президент, Парламент, Мәслихат сайлаулары өтті. Бұнымен шектелмей, әлеуметтік экономикалық мәселелерге бет бұрылды. Биылғы Жолдау толығымен экономикаға арналды.

Елде «мықты Президент, ықпалды Парламент, есеп беретін Үкімет» дейтін биліктің үш тармағын біркелкіге келтіруге күш салынып келеді. Президентіміз осы ұстанымды әрі қарай жалғастыру үстінде. Бұрын Президент әкімшілігі атқарушы биліктен жоғары тұратын. Енді оның құрылымы өзгерді. Бұдан былай министрліктердің өз саласына жауапкершілігі күшейді. Стратегиялық шешімдер қабылдайтын болады. Соның арқасында Президент пен Парламентке министрлік әлеуметтік экономикалық және т.б. саладағы істері үшін жауап беретін болады.

Су мәселесі Орта Азияға өзекті болғалы тұр. Жамбыл облысындағы бұрынғы гидрологиялық жоғары оқу орнын болмашы бірнәрсеге айналдырып алдық. Бұйырса, осындай бірқатар істер қайта жанданатын шығар. Үміт зор. Ең негізгісі айту ғана емес, әр тапсырманың қалай орындалғанын қадағалау болып табылады.

– Қазақи кадр қажет пе?

– Әлбетте! Тереңнен қаузайын. Баяғыда бір жағдай бола қалса, министрлік пен әкімшілік бір-біріне сілтейтін. Құдды доп тепкен футбол ойыны болатын. Елге жас мамандар, білімді азаматтар келіп жатыр. Осы жандардың көбі шетте оқыған, ешқандай былыққа былғанбағандар. Президенттік резервтегілерге мүмкіндік берген дұрыс. Министрліктің жұмысын дұрыс атқара алу үшін жанында кеңесші-сарапшы топ құрылуы қажет. Жүйеміз кеңестік кезеңнен өтіп, дербестік алған шақта қалыптасып, бүгінгі заманауи уақытқа жетті. Әлгі жас кадрлармен дұрыстап тұрып айналысқан жөн.

Әлгінде мақтап өттік. Енді медальдің екінші жағына зер салайық. Кейбірі шетелден бітіріп келеді де, Қазақ елінің жағдайын білмей жатады. Мәселен, индустрия саласында істейтін болса, зауыттан бастап істесе, былайша айтқанда, есігінің қай жерден ашылатын білсе дейміз. Кеңестік кезеңнің жасқы тұстары да бар-тұғын. Яки министр болу үшін сол саланың барша этаптарынан сатылап өтіп, тәжірибелі маман болуы керек еді. Тағы бір мысал ауыл шаруашылығы министрі боламын десе, ауылдың жағдайын біліп, мал шаруашылығында, шаруашылықта істеп, тауық пен сиырды ажырата алатын ахуалға жететін.

Саяси сарапшы ретіндегі негізгі ой, ол – билік тұрақтылығы. Әр жарты жыл сайын ауыстыра бергеннен ештеңе ұт-

паспыз. Министрдің 3–5 жылдық бағдарламасы болуы керек. Оны Парламентпен кеңесіп, талқылап бекітсе дейміз. Сөйтіп, мүмкіншілік берейік. Белгіленген мерзім аяқталған соң Парламентке жауап берсе болады. Министр уағында ұсынған істердің қай бөлігін орындағанын, кейбір қырына ептілік таныта алмағанын ашып айтсын. Біздің ғылым, білім саласында қаншама басшы болды. Әр министрдің жұмыс істейтін мерзімі 1-2 жылдан аспай қалды. Қысқа мерзімде не істей аласыз?! Ең бастысы, халыққа жақын болып, мұң-мұқтажын ескеріп отыру шарт. Халық болмаса, министр жоқ. Осы жағын түсінсе, сонда ғана іс өнеді.

ҚАРЖЫНЫ АЯМАУ ҚАЖЕТ

– Ғалымдар, сарапшылар «Ғылым туралы» заңды қайта қабылдап, ҰҒА дұрыстап құрған абзал деп жиі айтады. Жалпы, ғылымның жағдайы қалай?

– Ғылымсыз даму болмайды. Ғылымға жағдай жасалмаса, қоғам мен мемлекетте тоқырау басталады. Елдің тағдыры білім, ғылымға тікелей байланысты. Қазір екі түрлі Ғылым академиясы қалыптасты. Солардың басын біріктіріп Президентке тікелей бағынатын мекеме етіп, статусын айқындаған жөн. Ел басшысы зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, ғалымдарды жинап, қазақ ғылымы болашақта не істейді, не қояды деген сауалға жауап іздеп, ақылдасса, нұр үстіне нұр. Академияға жеке бюджет беріп, институттарды құрамына қайтарып, институционалды, функционалды һәм стратегиялық бағыттарын анықтағаны дұрыс болар еді.

Университет жағдайы алаңдатады. Оған зерттеу университеті дегенді таңып қойдық. ЖОО оқытушылары ғылыми зерттеумен шұғылданбақ түгілі, сабақтан бас алмайды. Бітпейтін құжат толтырып әуреленіп шаршайды. Университет қабырғасындағы мұғалімдерге ғылыммен айналыс деген талап қойған дұрыс емес. Оған оқытушы-профессорлардың әлеуметтік жағдайы, зертханасы һәм уақыты жоқ.

Академиялық және қолданбалы ізденістерді бөліп қарастырайық. Академиялық фундаменталды зерттеулер – 10–20, қала берді 50–100 жылды қажет етеді. Үлкен деңгейде ұзақ мерзімді стратегиялық ғылыми бағдарламалар қажет. Бұл Ұлыбританияда бар процесс. Ұзақ мерзімді жобалардан ертең нәтижелерін сұрауға болмайды. Мысалға, философтар 3 айда қандай нақты ұсыныс бере қояды. Пәлсапа мамандары жалпы тенденциясына, қоғамның даму бағыттарына, кеше, бүгін, ертең деген сауалдарға жауап іздейді. Ал қолданбалы зерттеулерді 3–5 жылдың ішінде бітіріп, қолданысқа беруге болады. Осы екі ұсынысты тездетіп шешсек екен.

ҒЫЛЫМДЫ ТЕКСЕРЕ БЕРУДІ ТОҚТАТАЙЫҚ

– Ғалымдарды үздіксіз тексере бергені ғылымды тұралатып, мұның

арты ғылыми кадр тапшылығына әкеліп соқтырмай ма?

– Ғалымның жазған-сызған еңбегі жоғарыдан бақыланады. Әр саланы меңгеру ол – қиынға түседі. Қайсысы дұрыс немесе бұрыстығын ғалымның өзі айтсын. Әр ғалым 100 кісіге татиды. Ғалым шығармашылық адамы. Оны зауыттағы жұмысшы қатарында қарастыру дұрыс емес. Мемлекет әрбір ғылыми қызметкерді інжу-маржан сияқты сақтап отырғаны абзал. Мемлекеттің басты құндылығы адам капиталы болса, негізгі өзегі ол – ғылыми кадр.

Antikor, мониторинг, бітпейтін комиссияны ғылым адамдарына жақындатуға болмайды. Ғалымдарды аялап ұстап, қадірлеу керек. Олар балауыз сияқты. Өртүрлі сылтаумен тиісе берсек, ғылымның шырағданы сөнеді. Ғалымдарын жойған ел болашағына балта шапқанмен бірдей. Ғылымды түртпектеу, 3–6 ай сайын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде есеп сұрау, «Скопус» талап ету, әлемде жоқ процесс. Бұл – ұят іс.

Ғалымнан күндіз-түні не істедің, не бердің дей берсе, олардың мекемесін АҚ, ЖШС сияқты түрлі себеппен бөле берсе, ғылым құрдымға кетеді. Осы күні ғылым десе жастар шошып қашатын деңгейге түстік. Көп маман шетелге кетіп жатыр. Қарақөздеріміз Apple сынды алпауыт компанияда жұмыс істеп жүр. Қазақ жерінде жастарға мүмкіншілік жасасақ, идеясын, білімін елге жұмсар еді.

Дүниежүзілік тәжірибедегі игі тенденцияларды өзімізге енгізейік. Бірде Сингапурда болдым. Біздің жиынға сол елдің Премьер-министрі ноутбугін алып келіп қатысты. Жанында көмекші бар. Өзі қарапайым екен. Сонда әр ғалымнан цифрлық дамудың болашағын, оның мемлекетке тигізер пайдасын сұрады. Әрқайсымыз лауазымды кісімен бірлесіп ой-пікірімізді ортаға салдық. Ол өзіне жазып алып кетті. Содан кейін қала мемлекет Сингапур дамымай, біз дамымыз ба?! Бізде комитет төрағасы келіп тексерсе, не сұрағанын түсінбейсіз. Парадокс!

Ұлттық мемлекет қалыптастыру қажет. Кезінде көрнекті ойшыл Аристотельден біреулер «мемлекетті кім басқару керек?» депті. Сонда ғұлама-ғалым «философ басқару қажет!» деген екен. Себебі, оның жалпы көзқарасы, ұстанымы, жауапкершілігі бар. Өйткені, ол өзін сайлаған жұртына бағынады, халқымен санасады. Уағында Қазақ даласындағы хандарды сайлады ғой. Хан сайланғанда оның дүние-мүлкін «ханталапай» деп, ел-жұрт бөліп алатын көрінеді. Сонда хан халқының алдында тек жауапкершілікпен қалады. Би-шешен, ақын-жырау, батырлар да елге танылып көтеріліп отырған. Бұл біздің жүріп өткен төл жолымыз.

Бізге «Қазақ жолы» деген кодекс қабилдау қажет. Оның заңдық күші болғаны жақсы. Әрбір мемлекеттік қызметкер өзінің өткенін біліп, бүгінге сай іс қылып, ертеңгі ұрпақтың қамын ойлап отыруы шарт. Тіпті, қойын кітапша ретінде шығарып, ұдайы жанымызда жүрсе, артықтық етпейді. «Қазақ жолы» кодексінде ұлттық мемлекет, дәстүр-салт, экономика, философия, әдебиет пен мәдениет бәрі қамтылуы тиіс. Әр саланың маманы бірлесе, мұның концепциясын жасап шығуға болады. Қытайда «Бір белдеу, бір жол», Ресейде «Русский мир», АҚШ «Американдық арман» деген идеяларды жүзеге асырып жатыр. Біз де өзіміздің жолымызды тез таппасақ, жаһан процесіне жұтылып кетуіміз ықтимал. Қазақ өз ата-дінгеінен айырылмай, заманауи аспектілерді пайдаланып ғұмыр сүрсе, өркендейді.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Философия, саясаттану және дінтану институтының мәжіліс залында «Халал» феномені және зайырлы мемлекеттердегі экологиялық сананың қалыптасуы тақырыбында «дөңгелек үстел» үрдісіндегі халықаралық жиын өтті.

«ХАЛАЛ» ФЕНОМЕНИ

хақында халықаралық жиын өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жиынның мақсаты – көпмәдениетті зайырлы еліміздегі «халал» феноменінің мәнін, оның рухани-өнегелік, экологиялық, рационалды мәнін ашу. Халықаралық басқосуда зайырлы мемлекеттердегі «халал» ұғымының қалыптасуындағы исламдық ілім мен сенімнің ролі, оның экологиялық санаға әсері зерделенді. Осыған байланысты философиялық ұғым, этикалық жүйе мен дүниетанымды, олардың экологиялық сананы қалыптастыруға қосқан үлесі қарастырылды. «Халал» түсінігі мен тәжірибесіне әсер ететін әдет-ғұрып, дәстүр, қоғамдық пікір, стереотип пен әлеуметтік құндылық сияқты әлеуметтік-мәдени факторлар мен олардың экологиялық санамен байланысы талданды.

Жиын барысында экологиялық мәдениет пен тұрақты даму саласындағы айырмашылықты, ортақ үрдіс пен озық тәжірибені анықтау мақсатында зайырлы мемлекеттердегі «халал өндірісі» мен тұтынудың этикалық аспектісі қарастырылды. Халал өндірісінің түрлі тәсілін түсіну, экологиялық сана мен тұрақты дамудың ортақ шешімін табу мақсатында түрлі мәдени және діни қауымдастықтар арасындағы өзара әрекеттесуді ынталандыру мәселесі сөз болды. Қазақ мәдени дәстүріндегі «халалдың» ерекшелігі мен әмбебаптығы да айтылмай қалмады.

Әлемдік жиынды Философия, саясаттану және дінтану институтының Бас директоры, әлеуметтану ғылымының докторы Серік Сейдуманов кіріспе сөзбен ашты. Ғылыми бағытта бірнеше баяндама жасалды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының докторы Айнұр Құрманалиева «Халал феномені мен тұлғааралық коммуникациядағы адалдық» тақырыбында баяндама жасады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбектің «Қазіргі заманғы тағам рационалы және тұтынудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы баяндамасы жиылған жұртшылықты бір серпілтіп тастағандай.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарасты «Халал даму» директоры Айбек Асқарбекұлы баяндаған баяндама «Халал индустриясының дамуы» бүгінгі басқосудың басты тақырыбындай болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӨНЕРТАПҚЫШ

ЕРЕКШЕ
БАЛАЛАРҒА –
ЕРЕКШЕ СЫЙ

Алматының талантты балалары жұртшылықты тағы да жағымды жаңалығымен елең еткізді. Алматы қаласындағы ФМБ NIS оқушылары аутизмге шалдыққан балалардың эмоционалды интеллектісінің дамуына ықпал ететін «Drive Beyond» қосымшасын ойлап тапты. Бұл қосымшаны бірқатар білім беру орталықтары қолданып үлгерді. Қосымшаның бір ерекшелігі – 5 пен 13 жас аралығындағы балаларға оң әсер етіп, айтарлықтай нәтиже көрсетіп отыр.

Жалпы, «Drive Beyond» қосымшасы жеке тұлғаның бет әлпетін тани алатын бірегей жасанды интеллект.

– Біздің бұл қосымшамыз жастар арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың маңыздылығын көрсететін мінсіз құрал. Әрбір адамның осы технологияға қол жеткізіп, өзінің эмоционалды дағдыларын дамытуға мүмкіндік алуына болады, – дейді жас өнертапқыш, 12-сынып оқушысы Әлихан Сырғалиев.

Сонымен, оқушылар өздері әзірлеген қосымшаның арқасында алғашқы табысқа да қол жеткізді. Оқушылар әзірлеген қосымшаны Алматыдағы бірнеше оңалту орталықтары кеңінен пайдалана бастады. Ендігі жерде жас өнертапқыш оқушылар емдеу орталықтары үшін диагностикалық мүмкіндіктерді енгізіп, оны басқа да оқу орындарында кеңінен қолдануды жоспарлап отыр.

ҰБТ-2024


ҰБТ-ДА ӨЗГЕРІСТЕР БАР

Сонымен, алдағы 2024 жылғы ҰБТ-дағы басты өзгеріс, тест сұрақтарының саны өзгертін болды. Бейіндік пәндерге жаңаша тапсырмалар қосылып, тестілеу уақыты қысқарады. ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалады, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. Керісінше, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарғалы отыр. Ал бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40 тест тапсырмасынан тұратын болады. Бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылады.

Бұл өзгерістер – тест тапсырмаларының сапасын арттыру мен олардың функционалды сапаттылық пен сыни ойлау дағдыларын бағалаудың әлемдік стандарттарына сәйкестігі бағытындағы жұмыстардың қисынды жалғасы. Осылайша ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалады, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма. Жоғары балл – 140, ол да өзгеріссіз қалды. Жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты тестілеу уақыты қысқарады. Енді ҰБТ тапсыруға оқушыларға 3 сағат 30 минут (210 минут) бөлінеді. Бұрын 4 сағат (240 минут) берілген. Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек. Тағы бір жаңалық, шығармашылық бағыттарды таңдаған талапкерлерге қатысты. Енді олар «Қазақстан тарихы» мен «Оқу сауаттылығы» пәндерімен қатар «Математикалық сауаттылықты» міндетті пән ретінде тапсыратын болады. «Математикалық сауаттылықтан» тест тапсырмалары өмірде математикалық логика бойынша алған білімдерін, дағдыларын қолдана алуын тексеруге бағытталып, бұл пән барлық тестке тапсырушы үшін міндетті болмақ.

Бейіндік пәндердің комбинациясы бойынша да өзгерістер бар. Оқушылардың, ата-аналардың және педагогикалық қауымның пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, «B059 – Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар»,

Соңғы жылдары өзгеріссіз өтіп жатқан ҰБТ-ға алдағы 2024 жылы өзгерістер енгізілетін сыңайлы. Ғылым және жоғары білім министрлігі де бұл өзгерістерді нақтылап отыр. Бұған қоса, соңғы кездері жоғары білімді оңтайлы етудің маңызды қадамы – ҰБТ тапсырмаларын жетілдіру екені де жиі-жиі айтылып жүр. Сондай-ақ, нәтижелерді қалыптастырып, талдауда психометриялық тәсілдерді қолдануды стандартталған форматқа көшірудің де Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына сәйкес екені белгілі.



«B055 – Математика және статистика», «B063 – Электротехника және автоматтандыру» білім беру бағдарламаларының топтарына түсушілер «Математика-Информатика» комбинациясын тапсырады. Мәселен, былтыр ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі негізгі ҰБТ-ны екі рет

тапсырып, үздік нәтижемен грант тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндігін ресми түрде бекітті. Сонымен қатар, ақылы негізде түсу үшін ҰБТ тапсырудың тағы үш мүмкіндігі бар екенін ескеріп, 2024 жылғы талапкерлер тестілеуді бес рет тапсыра алады.

ЖАРЫС

ОТАН - ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Ұрпақтың ұлағатты болып өсуі – отбасынан басталады. Әсіресе, салауатты өмір салтын ұстануда балалар көбіне отбасында ата-анасынан алған үлгімен қалыптасады. «Баланың алғашқы мектебі – отбасы, алғашқы ұстазы – ата-анасы» деген тәмсіл осыған дәлел болса керек. Медеу ауданындағы №109 бөбекжай-балабақшада ата-аналар арасында «Бақытты отбасы» жобасы аясында өткен үлкен спорттық жарыс та осындай мақсатта ұйымдастырылып отыр. Өткізіліп отырған спорттық іс-шараға Медеу аудандық Аманат партиясы қолдау көрсетіп, қайтарылған партиялық жарна есебінен ұйымдастырды.



нен қолдау тауып жатқан «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағдарламасына белсене қатысып жатқан ата-аналардың өз балаларына көрсеткен өнегесі үшін ризашылығын білдірді. Медеу ауданындағы мектепке дейінгі мекеме ата-аналары мен балалар спорттың 6 түрінен өзара сайысып, шеберліктерін танытты. Жарысқа қатысқан №106 бөбекжай-балабақшаның

«7Я», №109 бөбекжай-балабақшаның «Отбасы», №156 бөбекжай-балабақшаның «Сұңқар» командалары өздерінің үздік өнерлерімен ерекшеленді. Жарыс қорытындысы бойынша I орынды – «Отбасы» (№109 балабақша), II орынды – «Отбасы» (№106 балабақша), III орынды – «Сұңқар» (№156 балабақша) командалары иеленді.

Спорттық іс-шараны Аманат партиясының Медеу аудандық филиалы төрағасы Азат Әлімханұлы ашып, барша қатысушыларға деген тілегін білдірді. Өз сөзінде қала тұрғындары арасында кеңі-

5 ҚАЗАН – ҰСТАЗДАР КҮНІ

Қазанның 5-і күні еліміздің ұстаздары өздерінің төл мерекесін атап өткелі отыр. Осыған орай Астана қаласында 4–6 қазан аралығында «Білім тұрақты дамудың және ұлттың әлеуетін арттырудың инновациялық ресурсы» атты республика педагогтарының жалпы съезі өтеді.

БІЛІМ САПАСЫН
АРТТЫРУҒА
БАҒЫТТАЛАДЫ

Күні бүгінге дейін республика ұстаздары пәндік съездерде ғана бас қосып келді. Пәндік съезд болған соң тек сол төңіректегі мәселе қамтылып, ой айтылары сөзсіз. Бұл жолғы басқосудың ерекшелігі де жоқ емес. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», демекші, бұл съездің бағыты да, болмысы да өзгеше болмақшы. Жалпы, қашаннан білім саласында түйткілді мәселелердің өте көп екені белгілі. Сондықтан осы жолы өткелі отырған съезде қадау-қадау мәселелер ортаға салынбақшы. Секциялық жұмыстардың да тақырыбы белгілі. Осы съезге бес мыңнан астам білім жүйесі қызметкерлері қатыспақшы. Алматы қаласының атынан мектепке дейінгі мекеме мен орта білім беру ұйымдарынан 44 адам қатысқалы отыр.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ИНСТАЛЛЯЦИЯ

ЗАМАНАУИ КӨРКЕМ ӨНЕР

Алматыда қала күні қалай безендірілді?

Мереке күндері қалада ұйымдастырылған концерттік іс-шаралардан бөлек, көшелердің қалай безендірілгенін көруге болады. Қаланы гүл көмкеріп, ғимараттардың қасбеттері алуан түске боялды. Алматылық суретшілер мен дизайнерлердің шығармашылығы арқылы қала ерекше мерекелік кейіпке еніп, жарқырай түсті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мысалы, Республика сарайының алдындағы алаңды айтуға болады. Тұрғындар мен қала қонақтары бұрынғы Алматының атмосферасын сезіне алады. Бұл жерден Гиннестің рекордтар кітабына енген әлемдегі ең үлкен Рубик текшелерінің мозаикасын, қызыл ала сүт бидонын және көне заттарды көре алады. Панфилов кө-

шесінің жаяу жүргіншілер аймағы да дизайн бойынша ерекшеленді. Мұнда «Қызғалдақ құшағы» инсталляция орнатылған. Авторы – суретші Дарья Мороз.

«Бастапқыда бұл жай ғана сурет еді. Кейін мен оны жандандырып, инсталляцияға айналдырғым келді. Әдеттегідей бәрін өте қысқа мерзімде жасадық. Сәтті шыққанына қуаныштымыз. Алматыға ерекше бірнәрсе жасағым келді. «Қызғалдақ құшағы» инсталляциясы елгезектік, достық, табиғат пен мегаполистің өзара байланысы сынды қаламыздың атмосферасын көрсетеді. Қызғалдақ – табиғаттың символы, ал жартылай шеңбер – жылулықпен және жайлылықпен, үй ошағымен байланысты киіз үй», – дейді автор.

Панфилов көшесінде Алматының пейзаждары бар үлкен алмаларды байқауға болады. Кейбір инсталляциялар өзіндік ерекшелігімен таңқалдырды. Солардың бірі – үлкен қызғылт қорапта Бибігүл есімді «Барби» инсталляциясы. Туындының авторына бұл идеяны оқырманы айт-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Инсталляция – жұмбақ жанр. Заманауи көркем өнердің мағынасы тікелей айтылмайды. Туынды авторының айтайын деген ойы жасырын тұрады. Әр суретші туындысын қиялына қарай жасап шығады. Табиғи немесе тұрмыстық заттардан жасалатын қазіргі заманның өнер кескіні.



қан. Авторы – суретші-иллюстратор Мими Ильницкая. Инсталляцияны Панфилов көшесінен қыркүйек айының соңына дейін көруге болады.

«Мен көшпелі қуыршақ ойлап тауып, суретімді әлеуметтік желіге жарияладым. Бұл идеяны көпшілік ұнатып, маған жаза бастады. Қазақстандық Барби өте ерекше болатынын көрсету үшін басқа суреттерді сала бастадым. Қала күніне дейін маған Мәдениет басқармасының өкілдері келіп, туындымды инсталляцияға айналдыруды ұсынды», – деді автор.

Artbatfest көше өнері фестивалі аясында суретші Сәуле Сүлейменова инсталляцияны целлофан кескіндемесі түрінде ұсынды. Автордың 12 метрлік туындысын Абай даңғылы мен Байсейітова көшесінің

қиылысынан көруге болады. Лермонтов атындағы драма театрына қарама-қарсы жерде Сәкен Нарыновтың «Өмір ағашы» шығармасын көруге болады.

«Қазіргі заманғы өнер қалалық ортамен өзара байланысуы керек. Фестиваль қатысушылары мегаполисті ашық аспан астындағы үлкен музейге айналдырады. Кез келген адам тегін көре алады. Туындымыз Қала күніне арналған мерекелік безендірудің бір бөлігі болғаны қуантады», – дейді Artbatfest фестивалінің арт-директоры Владислав Слудский.

Тұңғыш Президент саябағында өткен Apple Fest фестивалінде фотоаймақ мен инсталляциялар орнатылған. Олардың ішінде алмадан жасалған қазақтың ұлттық өрнегін де айта кету керек.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

ЭН-БИДЕН ШАШУ

Өтетін орны: Ұйғыр музыкалық комедия театры (Наурызбай батыр көшесі, 83).
Күні мен уақыты: 22 қыркүйек, сағат 18.30.



«ҚАРА»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры (Абай даңғылы, 103).
Күні мен уақыты: 23 қыркүйек, сағат 18.30.



«БАЯНСЫЗ БАҚ»

Өтетін орны: Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38).
Күні мен уақыты: 23 қыркүйек, сағат 18.30.



«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ»

ҚАРТТЫҚ ДЕГЕН БІР БЕЛЕС...

Адамның әдемі қартаюуы бұл да бір керемет кезең екен. Алматыда 2018 жылы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ашылғанда қала қарияларының қуанышында шек болмаған еді. Жаңадан ашылған Орталыққа келгендер арасында қарапайым еңбек адамынан бастап, өмір бойы қызметтің құлағын ұстап, кеңседе отырғандар да болды. Барлығының мақсаты бір, мүддесі бір болды. Ол – кемелдікке бастаған қарттық кезеңді мәнді де, мағыналы етіп өткізу. Жобаны қолға алған азаматтардың мақсаты жүзеге асып, аталмыш орталық қала қарияларының басын біріктіретін сүйікті орынға айналып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Орталық ашыла салысымен мұнда келуші қарттар саны да артты. 2018 жылдан бері осы орталыққа тұрақты түрде қатысып келе жатқан қариялардың қатары сегіз мыңнан асып кетті. Бүгін бір қария келсе, келесі күні көршісін, сосын танысын ертіп келеді. Осылайша орталық қызметкерлері күн сайын 180 адамның орнына 250 адамға дейін қызмет көрсетеді. Қариялар мұндағы қызметтің бірнеше түрін тегін пайдаланады. Жалпы, бұл орталықтағы қызметтердің негізгі түрлері таңертеңгі 9.00-ден бастап, кешкі 18.00-ге дейін көрсетіледі. Осылайша қаланың қадірменді қариялары бүкіл өмір бойғы еңбектерінің зейнетін көріп, өз уақыттарын тиімді пайдаланып жатыр.

Бүгінде қариялар тек салауатты өмір салтын ғана қалыптастырып қоймай, идеяға толы жаңаша іс-әрекеттерін де жүзеге асыра бастаған.



Айгүл ТҰРАРҚЫЗЫ, офис-менеджер:

КЕЛУШІЛЕР ЖАСЫНА ШЕКТЕУ ЖОҚ

Орталығымыздың тұрақты мүшесі Иван Световтің жасы 92-де. Ол кісі скандинавиялық жүріске қатысады. Мұнда келушілердің жасына шектеу жоқ. Негізінен, алпыс жастан бастап келе бастайды ғой. Бірақ денсаулығына байланысты зейнетке ерте шыққан кісілер де келе береді.

- 2018 жылы Алматы қаласында «Жол картасы» аясында тұңғыш «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ашылды. Қазір қалада дәл 10 орталық жұмыс істейді. Ұлттық жобалар қатарындағы Орталықта 30-дай тегін курс бар.
- «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының қызметкерлері күн сайын 250 адамға дейін қызмет көрсетеді. Қариялар мұндағы қызметтің бірнеше түрін тегін пайдаланады.
- Жалпы, бұл орталықтағы қызметтердің негізгі түрлері таңертеңгі 9.00-ден бастап, кешкі 18.00-ге дейін көрсетіледі. Осылайша қаланың қадірменді қариялары бүкіл өмір бойғы еңбектерінің зейнетін көріп, өз уақыттарын тиімді пайдаланып жатыр.

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Қанат ОРАЛҰЛЫ,
«Белсенді ұзақ өмір сүру»
орталығының директоры:

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІМІЗ БЕЛСЕНДІ

Бұл – 2018 жылы Алматы қаласында «Жол картасымен» ашылған ең алғашқы орталық. Қазір «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары ұлттық жобалар қатарында. Қазақстанның барлық қалаларында ашылып жатыр. Біздің қалада да дәл осындай 10 орталық бар. Осы жылдар ішінде 8 мыңнан астам адамды қабылдаған екенбіз. Орталықта 30-дай тегін курс бар. Қазіргі заманғы зейнеткерлер жан-жақты ғой. Әсіресе, әлеуметтік желілерді тез меңгеріп алады.

Біз орталықта қарияларға смартфонды, автобустың келер уақытын біліп отыру үшін түрлі қосымшаларды игеріп алуды үйретеміз. Қазір қариялар шетелде білім алып жатқан немерелерімен өздері-ақ телефон арқылы бетпе-бет сөйлесуді меңгеріп алған. Орталыққа келіп жүрген қарияларымыз билегенді жақсы көреді. Әсіресе, қазақтың ұлттық билеріне, латын Америка билері мен классикалық биге көп қатысып жүр.

Менің бір қуанатыным, домбыра үйреніп жатқан өзге ұлт өкілдерінің қатары күн санап арта түсуде. Негізгі штатта бес-ақ адам болсақ та, қарияларға 27 адам қызмет көрсетеді. Орталық сенбі, жексенбі күндері жұмыс істемейді. Қалған күндері есігіміз ашық. Орталықта ішкі туризм бар. Қарияларымызды жылына 8 мәрте қала сыртына саяхаттауға апарамыз. Кезінде бұл орталықты Әсия Аканова ашқан еді. Кейін бүкіл Қазақстан бойынша қолға алынды. Қазақстанның әрбір өңірінен осында келіп тәжірибе алмасады.

Орталықта «Шашу» би ансамблі, «Самал», «Алматы» хор ұжымы бар. Адамның зейнетке шыққаннан кейін екінші тынысы ашылады екен. Бұрын жұмыс деп ешқайда мойын бұра алмаған кісілер зейнетке шыққан соң бойындағы талантын көрсетіп жатыр. Өте белсенді. Зейнетке дейін әр салада қызмет еткен кісілердің қазір бірі әнші, бірі биші. Әрбір мерекеде өз күшімізбен концерт қоямыз. Оған Алмалы аудандық әкімшілігі, сосын еріктілер көмектеседі. Көбіне өз күшімізбен ұйымдастырамыз. Осы орталықта қызмет етіп келе жатқан дәрігерлеріміз Райса Мұсаева, Гүлнар Аканова, заңгер Ербол Нұрғалиев қарияларымыздың нағыз досына айналған.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«ҚУЫРШАҚТАР ШОУЫ»

Өтетін орны:
Алматы мемлекеттік
қуыршақ театры
(Пушкин көшесі, 63).
Күні мен уақыты:
23 қыркүйек, сағат
14.00.



«МАМОНТ ЕЛІ»

Өтетін орны:
Қазақ мемлекеттік
цирк (Абай
даңғылы, 50).
Күні мен
уақыты:
24 қыркүйек,
сағат 16.00.



«ӘЙЕЛ. АСПАН және ТОЗАҚ»

Өтетін орны: «Жас сахна»
театры (Абай даңғылы, 117).
Күні мен уақыты:
24 қыркүйек, сағат 19.00.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



● ҰЛТТЫҚ ЖОБА

ОҚУШЫ – ОРЫНМЕН, ХАЛЫҚ – ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Білім саласында әлі күнге дейін шешілмей жатқан түйін көп. Мәселен, орта білім беру жүйесіндегі ең өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. Дәл қазіргі уақытта 225 мың оқушыға орын жетіспейтіні белгілі. Егер бұл мәселе ұшығып кетсе, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жететін көрінеді. Сондықтан Мемлекет басшысы 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатын. Орын тапшылығының өзектілігіне орай, Мемлекет басшысы оның санын бір мыңға жеткізуді тапсырды. Көп ұзамай Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, барлық оқушылар үшін «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынған еді. Бұл ретте жаңадан салынатын мектептерді типтік жобада емес, барлық жағдайы жасалған, өркениетті «Жайлы мектеп» етіп салу жоспарланды. Осынау ұлттық жоба аясында еліміздегі бірнеше ауысымдағы мектептер саны да азаятын болады. Қазірдің өзінде бұл мәселе шешімін тауып жатса, Алматы қаласында үш ауысымда оқитын мектептер жоққа тән.

Алматыда 22

«Жайлы мектеп» салынады

Алматы қаласында да әлі күнге дейін орын тапшылығы бар. Сондықтан бой көтеретін «Жайлы мектептердің» 22-сі Алматы қаласының үлесінде. Қазір қалалық әкімшілік жаңа мектептерге жер телімін бөліп, құрылысты салатын орындарды белгілеп те қойды. Бұл ретте мектеп салуға қолайлы деп Алатау және Наурызбай аудандары танылып отыр. Қаланың өзге аудандарына қарағанда осы екі ауданда жер телімін табуға болады. Мәселен, «Алғабас» ықшамауданында 2000 оқушыға арналған мектеп мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде бой көтеріп, оның іске асуына «Samruk-Kazyna Construction» АҚ жауапты болады. Қазіргі уақытта мемлекеттік қордың балансындағы 10 жер учаскені қала әкімдігі тапсырысты орындаушыға берді. Екі учаске қолданыстағы №97 және №154 лицей ғимараттарын бұзғаннан кейін ғана беріледі. Сондай-ақ, Розыбакиев–Левитан көшелерінің қиылысындағы тағы 1 учаскені сатып алу құны бойынша меншік иесімен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Келіссөздер сәтті аяқталғаннан кейін, бұл учаске де «Samruk-Kazyna Construction» АҚ балансына беріледі. Сондай-ақ, тиісті қағидада жер телімінің иесі есебінен білім беру мекемесінің ғимаратын салу және қажет болған жағдайда инженерлік желілерді жүргізу жағы да көзделіп отыр. Қазіргі таңда барлық инвестормен тиісті меморандумдарға қол қойылып, құрылыс жұмыстарын IV тоқсанда бастау мәселесі жоспарланды. Сонымен қатар, қала басшылығы бой көте-

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынатын мектептерде ұлттық нақыштар болатын болды. Мектептің интерьері, дизайны мен сәулетін жобалағанда ұлттық нақышта бірқатар элементтің болуы талап етіліп, жайлы мектептерді салуға отандық үздік инженерлер, сәулетшілер мен дизайнерлер тартылды. Қазір мердігер компанияларға осындай шарт қойылып, талап етіліп отыр. Сонымен, елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға қарай 842 мың орынды 401 жайлы мектеп ашылатын болады. Бұл мектептер атына заты сай, жай мектептерден өзгеше сипатта салынбақшы. Заманауи үлгіде салынған мектептерде оқушының білім алуына, ұстаздардың сабақ беруіне барлық жағдай жасалады. Мұнда оқушы орны тапшы болмауға тиіс. Мәселен, ерекше мектептердегі оқушы орны 300-ден басталып, 2500-ге дейін жетеді. Сондықтан «Жайлы мектептердің» көпшілігі мектеп тапшы өңірлерде салынатын болады.



ретін мектептердің құрылысын сапалы жүргізіп, оларды тиісті уақытында пайдалануға беру жөніндегі басқармалардың жұмысын жеделдетуге тапсырма берді.

Сонымен қатар, елімізде бой көтеретін жайлы мектептің 63-і Алматы облысында, 63-і Түркістан облысында, 25-і Шымкент қаласында, 24-і Маңғыстау облысында, 24-і Астана қаласында салынатын болады. Бұл мектептердің құрылысын салуға мемлекет 2,6 трлн теңге бөлді. Қалған мектептер шағын қалаларды қоса алғанда, бүкіл Қазақстан бойынша теңдей бөлінеді. Бүгінде жайлы мектептерді салатын құрылыстың нақты мерзімі мен оқушы саны белгілі болды. Мәселен, осы жобаны жүзеге асырушы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқарма төрағасы Мәулен Айманбетовтің айтуынша, Алматы облысында 63 жаңа мектепте 136 мыңға жуық бала оқыса, елордадағы 25 жаңа мектеп 88 мың оқушыны қабылдайды екен. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының тағы бір тиімді тұсы – халықты еңбекпен қамтуға да өз үлесін қосады. Мәселен, 2 жылдан кейін орта білім беру объектілерін салу есебінен

100 мыңнан астам жұмыс орнымен қамтылатын болады. Мұның өзі халықтың жұмыс табуына зор ықпал етпекші. Қазіргі таңда мектептерді жобалау, салу және қызмет көрсетушілерді анықтайтын ашық конкурс өткізіле бастады.

«Жайлы мектеп» жәй мектеп емес

Биылдан бастап елімізде «Жайлы мектеп» жобасы орындала бастайды. Әрі бұл жоба басқа ұлттық жобалардан ерекше, бірегей. Сондықтан мұндай мектептердің өзіндік ерекшеліктерінің болуы да заңды. Мәселен, жаңа «Жайлы мектептер» мен қазіргі салынып жатқан мектептердің тұжырымдамалық айырмашылықтары – құрылыстың бірыңғай стандартының сақталуы, заманауи пән кабинеттерімен және зертханалармен толық жабдықталуы, 1–4-сынып оқушылары мен 5–11-сынып оқушылары үшін бөлек блоктардың болуы, құрылыс және әрлеу материалдарының сапасы жоғары болуында. Оқушылардың санын ескере отырып, көбірек спорт залдары ашылады. Қыздар мен ұлдарды еңбекке тәрбиелеу үшін әр мектепте арнайы шеберханалар қарастырылады. Жалпы 1,5 млн орын салу – біртіндеп бірауысымды оқу форматына көшуге де жол ашатын игі бастама.

Сонымен қатар, осынау ұлттық жобаның аясында жыл сайын шағын қалалардың өзінде мың мектеп жаңарып отырады.

Бұл ретте қолға алынып жатқан жұмыстар мектептерде 6 негізгі бағыт бойынша жүргізіледі. Мәселен, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары, пән кабинеттерін жабдықтау, мектеп жиһаздарын жаңарту, мектеп кітапханалары мен асханаларын жаңғырту, қауіпсіздікті жақсарту.

Бұл ретте барлық жағдайы жасалған, жаңаша мектептерде білім алатын оқушылар заманауи ғылымды дамытуға да өз үлестерін қосуы керек. Біздің оқушылары-

мыз мектептегі біліммен ғана шектеліп қалмай, әлемдік бәсекелерге қатысу үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында роботтехника, химия, биология, физика пәндері бойынша кемінде 7000 заманауи мектеп кабинеттері ашылатын болады. «Жайлы мектептерде» жыл сайын орта есеппен 900-ге жуық роботтехника, химия, физика, биология кабинеттері ашылып, оқушылар тек байқауларға ғана қатыспайды, білім беру сапасын арттыруға да әсер ететін болады.

Қазіргі таңда барлық мектептерде пәндерді оқытудың инновациялық әдістері енгізіліп жатыр. Бұған қоса, қажетті оқу материалдары цифрлы форматқа ауыстырыла бастады. Яғни оқулықтарды цифрлы форматқа көшіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде оқушыларымыз цифрлы сабақтар, жаттығулар мен тапсырмаларға қосымша қол жеткізіп, мектепте дәстүрлі баспа оқулықтарын пайдалануға да мүмкіндік алатын болды. Жаңадан бой көтеретін «Жайлы мектеп» жобасы мектептерді әлемдік стандарттарға сәйкестендіріп қана қоймай, оқушыларымыздың сапалы, жан-жақты білім алуына да ерекше әсерін тигізеді.

Айырмашылықтың тағы бір тармағы

Қазір біз жаңаша бағыттағы мектептің артықшылығы туралы көп біле бермейміз. Ұлттық «Жайлы мектеп» жобасы аясында Қазақстан бойынша балаларды сауықтыруға арналған 50 лагерь ашылмақшы. Бұл өз кезегінде балаларымыздың салауаттылық өмір салтын ұстануына, дені сау ұрпақ болып қалыптасуына зор үлесін қосатын болады. Дәл қазір тиісті сала оқушылардың демалыс және сауықтыру лагерьлеріне қолжетімділігін кеңейту мәселесін жоспарлап отыр. Сәтін салса, ендігі жерде әрбір бала өзінің қалауы бойынша спорттық секцияларға немесе шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік алады. Жалпы, мұндай жұмыстар мәдениет және спорт, сондай-ақ білім беру ұйымдарының желісі арқылы да жүргізіледі.

Ерекше балаларға жағдай жасалады

«Жайлы мектеп» салуға заманауи технологиялар қолданылады. Құрылысты салуға қолданылатын заттардың сапасы да қатаң бақылауда болады. Ең бастысы, баланың өмір қауіпсіздігі болғандықтан, барлық тетіктер басты назарда болмақшы. Құрылыс салатын компаниялар барлық шартты орындап, талапқа сай болуы керек. Мердігер мектепті толық салып, дайын күйінде ғана тапсыруы керек. Сондай-ақ, жайлы мектептерде ерекше балаларға толық жағдай жасалатын болады. Жайлы мектептерде барлық оқушының қажеттіліктері ескеріліп, еш кедергісіз, ыңғайлы кеңістік және пандус, лифт, дәретхана болады. Сонымен қатар, әр мектепте инклюзивті білім беру кабинеті болады. «Жайлы мектептердегі» ерекшеліктің барлығы баланын еркін білім алуына жасалып отырған жағдайдың жасалғанымен қатар, балалардың қоғамға жақсырақ бейімделуіне қажетті алғышарттармен де қамтамасыз етеді.

Шыны керек, еліміздегі мектептердің дені сонау кеңестік кезеңдерде салынған. Ірі қалалардағы мектептердің жағдайы жақсы болғанымен, ауылдық жерлерде әлі күнге күнге дейін оқушылар далада орналасқан дәретханаға барады. Түрлі өкінішті жағдайлардың орын алғаны жасырын емес. Кеңес заманында салынған дәретханалар ерекше балалар үшін тіпті қолайсыз. Сондықтан жаңа заманға лайықталып салынатын «Жайлы мектептерде» жәй мектептерде кеткен ағаттықтар мен кетеліктерге жол берілмейді.



Суреттерді түсірген Саят ҚҰСАЙЫНОВ.



МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚТЫҢ ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Той мәдениеті, оның көкейтесті проблемалары туралы бірер сөз...

Бүгін Алматыда өткен Қазақ билер алқасының құрылтайына құрметті қонақ ретінде қатысудың реті түсті. Ұйымдастырушылар қатарында Алғадай Әбілғазыұлы, Кәмнұр Тәлімұлы, Құл-Керім Елемес және Табиғат Әлібек қатарлы жігіттер жүр. Жиында қоғамдық бірлестіктің Жарғысы таныстырылып, жиырма шақты тақырыпта баяндамалар жасалды. Демократиялық жолмен өткен сайлауда Ерман Албан деген азамат ұйымның жаңа төрағасы болып сайланды.

Форумда маған да сөз тиіп, ұлттық мәдениетіміздің бір бөлшегі болып табылатын Той мәдениеті, оның көкейтесті проблемалары туралы ой қозғайды. Сол ойларымды қағзаға түсіріп оқырмандарыма ұсынып отырмын. Қазақстанда облыс, аудан орталықтарын қосып алғанда, шамамен 20 мыңдай мейрамхана, кафе, асхана, қоғамдық тамақтандыру орындары бар. Жұма, сенбі, жексенбі күндері солардың бос болатыны кемде-кем. Елімізде той-томалақтарды жүргізетін асабалардың өзі шамамен 15 мыңнан асады. Өкінішке қарай, оларды кәсіби дайындайтын оқу орындары жоқ. Өздерінің көргені бар, басқалардан үйренгендері бар, азды-көпті өнерге жақын біраз жігіттер нәпақасын сол тойлардан тауып жүр.

Асаба мәдениеті, той иесімен алдын ала келіссөздер тәртібі, той жүргізу мәдениеті, сөйлеу мәнері, дикия, музыка дозасы, т.б. тақырыптарда ұзақ жылдардан бері қалам тербеп айтып келеміз. Өз басым үшін той – қазақтың тәрбие мектебі. Асаба – той мінберінің иесі. Менің ойымша, Қазақ билер алқасының қолынан келетін бір шаруа – осы той мәдениетін қалыпқа түсіру болса керек.

БРИФИНГ

5 қазанда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрі 90-шы концерттік маусымын ашады. Оркестр тыңдаушылары мен музыка әуесқойларын қандай музыкалық жаңалықтар күтіп тұрғанын өнер ордасының басшылары ӨКҚ брифингінде айтып берді.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОРКЕСТРІ
жаңа концерттік маусымын ашадыҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Брифинг барысында спикерлер 90-шы мерейтойлық маусым өте қарқынды болатынын атап өтті. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің директоры Медет Қуанышевтың айтуынша, ағымдағы концерттік маусым Италиядағы гастрольдік тур барысында ашылған. Оркестрдің концерттік турлары Республика қалалары бойынша да жалғасуда.

– 5 қазанда 90-шы маусымның ашылуы басталады. Келесі жылы оркестр құрылғанына 90 жыл толады, оны біріміз асыға күтіп жүрміз. Мерейтойға байланысты республиканың барлық қалаларында және одан тыс жерлерде гастрольдік турлар жоспарлануда. Атаулы күннің құрметіне біздің тыңдаушыларымыздың алдында Қазақстан Республикасының Халық әртісі Нұржамал Үсенбаева мен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Нұрлан Өнербаев ән шырқайды. Біздің оркестр ұжымымен қатар Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының және филармония әртістері де өнер көрсетеді, – деп бөлісті М.Қуанышев.

Жаңа маусымда тыңдаушыларды жаңа музыкалық шығармалар күтеді. Оркестр отандық және шетелдік композиторлардың үздік шығармаларын орындайды.

– Біз көрерменге жаңа репертуар ұсынуға тырысамыз. Бұл шетелдік және отандық композиторлардың шығармалары болмақ. Осы маусымда біз композитор Зекинья де Абреудің әйгілі «Тико-Тико» шығармасын орындамақпыз. Шостаковичтің 10-шы симфониясының екінші бөлімі де бірінші рет орындалады. Ал қалғаны тыңдаушыларымыз үшін тосын сый болсын», – деді ұлттық оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепбергін.



Бүгін қазақ тойының қандай проблемалары бар? Қазақ билер алқасы Той мәдениетін ыңғайлы жүйеге, ұлттық арнаға бұруға жәрдемдессе деп ойлаймын. Ең алдымен, уақыт ысырабынан арылуға тетік жасаса ұтымды болар еді. Жұртты кәдімгі садақа, нәзір астағыдай тойды тура шақыру билетінде көрсетілген уақытта бастауға дағдыландыруымыз керек.

Екінші – дастархан ысырабынан арылту. Дастарханға бәрін толтырып қоятын ашаршылық синдромынан арылып, дастарханға тек жейтін ғана тамақ қойылуы керек. Біртіндеп ас мәзірін той қонақтары алдын ала өз қалауы бойынша тапсырыс беріп, орындауға жеткізу аса бір оңды шаруа болар еді.

Үшінші, кеңестік кезеңнен қалған арақ-шараптан құтылу. Дастарханға алкогольді мүлде жолатпау. Асабалар «алып қойыңыздар», «тартып жіберіңіздер» деген тәрізді арақ ішілуіне үндейтін тіркестерден бас тарту.

Төртінші, толассыз тост тасқынынан арылу. Ол үшін той иелері тойхана алдында тұрып, келген қонақтарды құрметпен қарсы алғаны құп болады. Меймандар құттықтауларын сол жерде айтып, сыйлықтарын сол жерде тапсырады. Содан кейін жұрт алдында қайта сөйлеудің қажеті болмай қалады.

Бесінші, қазақ тойларын мәдени «қоқыстардан» тазарту қажет. Ол қандай қоқыстар? Бұл ең алдымен тілдік қоқыстар! Қазақтың тойы мүмкіндігінше тек қазақ тілінде өтуі керек! Сондықтан асабалар той басында «тойдың қазақ тілінде өтетінін, тілек білдіретін адамдардың тек қазақша сөйлеу керектігін ескерту қажет.

Алтыншы – музыкалық қоқыстар. Тойханалардағы дыбыс күші заңға сәйкес, санитарлық норма бойынша күндізгі кезде 60 децибелден, кешкі кезде 50 децибелден аспау керек. Ал іс жүзінде 100 децибелден асып кетеді.

Жетінші – Қазақ тойынан шетелдік,

КУРС

БАҒЫТЫ БӨЛЕК БАЙҚАУ

Алматыда 20–22 қыркүйекте ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер конкурсы басталды. Байқау басталмас бұрын айтулы конкурсты ұйымдастыру алқасы мен әділқазылар филармонияның үлкен залында БАҚ өкілдерімен кездесіп, баспасөз конференциясын өткізген еді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Кезінде Мәдениет министрлігі дара тұлға, біртуар дарын иесінің шығармаларын ұлықтап, оның есімін мәңгіге қалдыру мақсатында Нұрғиса Тілендиев атындағы республикалық дирижерлер конкурсын екі жылда 1 рет өткізу туралы бастама көтерген еді. Дегенмен, әлемдік індетке байланысты аталмыш конкурс тоқтап, өткізілмей қалды. Биыл бұл үрдіс қайта қолға алынып, жалғасын тауып отыр. Дәл осы саланың келешегіне алаңдаушылық танытып жүрген өнер жана-шырлары үшін де бұл зор қуаныш.

Баспасөз конференциясында алғашқы сөзді Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония директоры Ақан Әбдуәлиев алып, конкурстың маңыздылығына тоқталды.

– Аталмыш конкурсты өткізудегі басты мақсатымыз – кенжелеу дамып келе жатқан дирижерлік өнерді дамытып, дарынды жастарымыздың кәсіби шеберлігін шыңдау. Біздің қазақ өнерінде осы саланың көсегесін көгертсем деп жүрген талантты жастарымыз жоқ емес. Сондықтан оларға бағыт-бағдар беріп, озық тәжірибемен бөліссек, бұл да бір шеберлік сабағы болар еді. Байқау барысында жаңа есімдерді анықтап, олардың өнерлерін ұштауға қолдау көрсетсек, көздеген межеміздің орындалғаны дер едім. Жалпы, бұл байқау алғаш рет 2004 жылы өткізілді. Сол жолы талай бұлақтың көзі ашылып, да-



Дінзұхра ТІЛЕНДИЕВА, әділқазылар алқасының төрайымы:

«СИҚЫРЛЫ ТАЯҚШАНЫҢ» ХАС ШЕБЕРІ АНЫҚТАЛАДЫ

Әкемнің атындағы конкурсты ұйымдастырып, оның есімін жаңғыртып жатқан жандардың барлығына біздің отбасымыздың атынан ризашылығымды білдіремін. Әкемнен өнерде бірге жүрген, көзін көрген кісілермен диалогта болуы өзі бір бақыт екен. Менің әкем өте қатал әрі талапшыл кісі болды. Әсіресе, музыка саласындағы талабы жоғары болатын. Сондықтан конкурсқа қатысушыларға тек шығармашылық табыс тілеймін. Тек сәттілік болсын!

рынды жастарымыздың есімдері белгілі болған еді. Байқаудың қайтадан қолға алынып жатқаны өнерге жасалып жатқан қолдау емес пе? Енді байқау барысына келсек, еліміздің барлық өңірінен өтінім білдірген 25 үміткердің 19-ы қатысатын болды. Олар байқау шартына қарай, Н.Тілендиев атындағы академиялық «Отырар сазы» оркестрінің сүйемелдеуімен музыкалық шығармалар орындайтын болады. Байқауға 18–35 жас аралығындағы дирижерлер мен жоғары оқу орындарының студенттері қатысады. Екі кезеңді қамтитын байқаудың жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III орын және «Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын үздік орындағаны үшін» дипломымен марапатталады.

Сонымен, құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Е.Рахмадиев атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Айтқали Жайымов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Петр Грибанов, Сүйінбай атындағы филармонияның М.Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрінің дирижері Жалғасбек Бегендіков сынды танымал өнер шеберлері екі күн бойы «сиқырлы таяқшаның» хас шеберін анықтайтын болады.



ЕҢБЕК АДАМЫ

КӘНІГІ КӘСІП ИЕСІ

ізбасарларына үйретуден жалықпайды

Апаттық жағдайды жедел жою, апаттық қалпына келтіру жұмысы қызметшілерінің еңбегі ересен. Судың ағуы мен апаттан туындайтын желілер жұмысындағы бұзылуды жедел реттеу – бұл су құбыры желілерін басқару мен орталық диспетчерлік қызметтің аудандық пайдалану учаскелерінің басты міндеті. Авариялық-қалпына келтіру жұмысы тәулік бойы жүргізіледі. Зақымдану неғұрлым тез жойылса, соғұрлым су жерге аз ағып кетеді. Жұмыстың бір бөлігін арнайы техниканы тарта келе, су құбырының зақымдалған учаскесінің өтетін жерлерін қазу арқылы орындау керек. Әдетте, мұндай апатты жою уақыты көбінесе экскаватор көлігін басқаратын қызметкердің кәсіби біліктілігіне байланысты.



«Бұзылуды жедел реттеу – басты міндетіміз»

Осындай ең білікті маманның бірі «Алматы Су» кәсіпорнында кезіктірілді. Мағамет Әшімовтің кәсібилігінің арқасында су құбыры желілерінің бұзылуын реттеу мерзімі барынша қысқартыны байқалады. Мәкеңнің: «Бұзылуды жедел реттеу – басты міндетіміз» дейтіні сондықтан.

Нәтижесінде тұтынушыларға су болмау уақыты қысқарып, жаяу жүргінші мен автокөлік жүргізушілері үшін қосымша қолайсыздық туындамайтыны рас. Шаһар шаруашылығына сіңірген еңбегі бағалауға тұрарлық Мағамет Ахперұлының жұмысын өз көзімен көрдік.

Мағамет 1979 жылы гаражда механик болып еңбек ете бастаған. 36 жылдан бері экскаватор машинисі болып жұмыс істейді. Негізгі мамандығы – инженер-механик бола тұра, осы аса біліктілікті қажет тұтатын мамандықты қалаған адамның еңбекқорлығын қалай бағаламасқа. Еңбекторы деп осындай адамдарды айтса керек. Желіде ауқымды жоспарлы жұмыс болған ауысым күнінде де Ахперұлын ақжарқын қалпында көресің. Өйткені, қолынан іс келетін адам ғана сондай сабырлы боп келеді.

Кәріз немесе су құбырының жарылуы кестеге сәйкес келе бермейді ғой. Бәрі аяқ-

астынан болады. Сондайда бригада кейде су толық ағып кетпейінше, түнгі 12-ге дейін де жұмыс істеу керек болады. Мағамет аға әрқашан өз ісіне сенімді. Өйткені, өмірлік тәжірибесі мол адам. Егер, ол кісі қазба орнында болса, онда апаттық қызмет мамандары да, басшылық та жұмыстың нәтижелі болатынына сенімді. Мұндайда олар өздерін жайлы сезінеді.

Табандылығы мен ізденімпаздығы көмектесті

Мамандықты игеріп, өз ісінің шебері болуға Мәкеңнің табандылығы мен ізденімпаздығы көп көмектесті, ал жұмысының арқасында шыдамды болуды үйренді. Біздің кейіпкеріміз: «Экскаватор машинисі мамандығының басты міндеті – жұмыс істеу техникасын жақсы меңгеру ғана емес, жердегі жұмысыңды түсініп, қабілетіңе сену» деп үнемі айтып жүреді. Ізбасарларына да үйретуден жалықпайды.

«Шұңқырды қазу кезінде желіні бұлдірудің жөні жоқ. Мұндайда қазудың жөні осы екен деп, кабельге не жақын маңдағы инженерлік желіге тигізбей әрекет етіп, қазу қажет. Бұған да шеберлік керек. Мен шұңқырдағы слесарьдың өз жұмысымен айналысқанын қалаймын. Құбырларды

ауыстырып, жөндеп, техниканың күрегімен жұмысыңды аяқтаған жоқпын ғой, – дейді Мағамет Ахперұлы, – көліктермен құм-тас толтырылған жол, тар жолақ, автомобильдердің қарқынды трафигі, осының бәрі біздің жұмысымызды қиындатады. Қазір бұрынғыдай емес, кәсіпорындарда барлық жағдайға арналған заманға лайық көпфункционалды жабдықтар бар, сондай-ақ маневрлі шағын экскаватор мен ауыр, қуатты техникалар да жетеді».

Шынында да, көп тонналық экскаватордың қалай жұмыс істейтінін көрген Мағамет ағамыз өзін кәдімгі ойыншық машинаны басқаратындай сезінгені бар. Осылай сезінудің өзі көп жылдық тәжірибенің нәтижесі де болар. Расында да, экскаватормен жұмыс істеу қиын да күрделі жұмыс.

М.Ахперұлы – өте қарапайым адам, оны әріптестері керемет құрметтейді. Басшылық та еңбегін бағалайды. Жас мамандар да одан үлгі алуға тырысады. Мұндай кәнігі кәсіп иелері кәсіпорынның мәртебесін өсіреді.

«Біз әрқашан қауіпсіздік ережесін сақтауымыз керек! Мен өз орныма келгенде, экскаваторды тірекке қоюды ұмытпаймын. Оның үстінде, шелегі бар жебе траншеяға параллель болуы керек. Үзіліс кезінде не жұмыс аяқталғаннан кейін экскаватордың жебесін шетке бұрып, шөмішті жерге түсіру керек», – деп білгір маман Мағамет Әшімов сөзінің тоқетерін айтты.

«АҚШАМ» – 35

Гүлзира
СЕРҒАЗЫ,
Қазақстан
Журналистер
одағының
Ә.Жәнібеков
атындағы
сыйлығының
лауреаты:



МЕНІҢ РУХАНИ ҚҰБЫЛАМ!

Үстіміздегі жылы 7 шілдеде ұлымның үйлену тойы үстінде екі жасты құттықтап сөйлеген сөздерінде Шолпан апам «Ақ босағаны», Жексен ағам «Алматы ақшамын» тілге тиек етпей тұра алмады. Сүйікті «Ақшамым» өмірімнің ең қуанышты сәтінде тағы да әрқашандағыдай менімен бірге! Жадымда талай жайсаңдардың жүзін, небір жақсылардың сөзін жаңғыртып, өзі келіп құттықтап кеткендей, шат-шадыман көңіл күймен қабылдадым. Иә, 20 жылдық мерейтойына жазған мақаламды «Бағымды да ашқан, шамымды да жаққан – Ақшамым» деп өзім атағандай, «Алматы ақшамы» газетінде 1992–2003 жылдар аралығында бар болғаны он үш жыл қызмет атқарып кетсем де, «Ақшам» тұтас өмірдастаным мен өнердастанымның арқауына айналып, өмірімнің әр белесінде мені қос қолтықтан демеумен, алдымнан шамшырақ болып жанып, соңымнан ақжолтай тілегін жаудырып, жүрген жолдарыма гүл шашумен келеді.

1988 жылы ғана қазақша нұсқасы «Вечерканын» көшірмесі болып шыға бастаса, Әнуар ағаның шақыруымен «майталман майдандастар» қатарына қосылғаным 1992 жыл болса, нарықтың аюдай ақырып тұрған, қазақ елінің егемендігін енді алып, тұңғыш Президентін сайлап, Тәуелсіздігін жаңа жариялап, келешекке зор үмітпен көз тіккен тұсы ғой. Тарихи бетбұрысты кезең. Ана тіліміздің қасиетін, қасіретін, құдіретін, киесін, қуатын, күшін танытып баққан, тұлғатану тағылымдары тереңдеген жемісті шығармашылық шарықтау шағымыз еді.

Қарбалас жұмыс арасында әркіміміз әр тұстан қанжығаға өңгеріп, олжалап келетін сыйлықтар мен жұлделерді «жуып», қалаберді туған күндер тойлап, ортаға қазақы дастархан жайып, сұхбаттасып, сырласып, пікірталасып, әуелете ән шырқап отыра қалатын кездерде ақ батасын беретін ақсақалымыз Бақытжан Жиенғали ағамыздың, қазақтың ақсүйек хас зиялысы, бекзат болмысты азаматы, ұлағатты ұстазымыз Ерғали Сағат ағамыздың орындары алқалы той-жиындарда заманауи зиялылар ортасында қалай ойсырап тұрады десеніңіші?! Көзі тіріде де ізетімнен жаңылмап едім, ал қазіргі елуді еңсерген еңселі кезімізде жерге дейін бас иіп сәлем беріп, құрметімді қапысыз көрсететін, ең болмаса, қазақтың ата салтымен шапанымды жабағын жөнім еді. Жалт етіп өте шығатын ғұмыр-ай, таза тегімен, нәзік жанымен уақыт тегеурініне төтеп бере алмай, торқалы топырағында тынымдауға асығып кеткен абзалдарым-ай?! Көршім, қаламдас Сарқыт апам да, сыйлас Шәмшия апам да, замандасым, желтоқсандық батырымыз Құттыбек те – «Ақшамның» бір-бір сом кірпіштері еді, сендер де біздің жүрегімізді сонау сағым жылдарға деген сағынышқа толтырып, кете бардыңдар ғой. Қазағым талай тау тұлғасынан айырылған тәжәжал тұсында бүгінде қайта жаңғырып жатқан «Азия дауысының» дабылын қағып, қазақ сахнасына сапалы да мағыналы шоу-музыканы алып келген музыкалық журналистикадағы тәлімгерлерім – Мұрат Әжімұлы мен Александр Пономаревтің де бірінің соңынан бірі дүниеден озуы да қабырғаға батқан мұңлы мезеттер болып еді...

Бұқаралық ақпарат құралдарының көшбасында жалауы жоғарыдан желбіреп, сенсация іздеп сарсылмайтын, хайп қуып арзандамайтын, саяси сайқали өсектерді бұрқыратып сыйын кетірмеген, ақ парағын батпан батпақпен былғамаған, ақ сөзінен жаңылмаған, ойлағаны мен толғағаны – ақ күміс шыны ақ бұлттар астында жалтылдап, қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат арманының биігіне шақырып тұрған Алатау етегіндегі мәңгілік рухани астанамыз, ұлт өнерінің алтын кергелі Ақ ордасы – Алматы шаһарын көркейту, кемелдендіру болып келе жатқан «Алматы ақшамы» газетінің бүгінгі келбетіне бек разымыз.

Бетгі әзірлеген
Айнабай МӘДИ.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Алматы қаласындағы Логистика және көлік академиясы мен метрополитенде болды.

Көлік министрі М.Қарабаев демалыс күндері Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарының көлік инфрақұрылымы объектілерімен танысты. Министрдің өңірлерге кезекті жұмыс сапары қаламыздағы Логистика және көлік академиясына барудан басталды. Айтар болсақ, академия тарихы 1931 жылдан Орта Азия теміржол инженерлері институтының филиалы болып ашылғаннан басталады.

Бүгінде бұл оқу орны Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындарының арасында «үздік бестікке» кіреді. Академияның материалдық-техникалық базасымен танысу барысында министр ЖОО оқытушыларымен кездесу өткізіп, Көлік министрлігі мен академия арасында орнатылған ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету жолдарын белгіледі.

Одан әрі М.Қарабаев Алматы метрополитеніне барды. Бүгінде Алматыда 11 метро бекеті жұмыс істейді, ұзындығы 13 шақырымдық желіде электр пойыздарының 15 құрамы жүреді, орташа жолаушы ағыны – күніне 80–85 мың адамға жетеді. Ведомство басшысы «Жібек жолы»



бекетіндегі орталық диспетчерлік басқарманың жұмысымен танысты. Кәсіпорын басшылығымен кездесуде Көлік министрі Алматыда метро дамуының маңызын атап айтып, жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасына тиісті бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды.

Содан кейін Марат Қарабаев жұмыс істеп тұрған бекеттердің жай-күйі мен қызмет көрсету сапасын тексеріп, сондай-ақ алдағы

уақытта қолданысқа берілетін «Қалқаман» бекетінің құрылыс алаңына барды. Айта кетерлігі, бұл нысанды 2025 жылға қарай пайдалануға беру жоспарланған.

«Министр жұмыс сапары аясында «Ұзынағаш – Отар» автожолын қайта жаңарту учаскесіне барып, БАКАД автожолының жұмысын тексерді. Министрлік басшысы жексенбі күні Қонаев қаласындағы теміржол вокзалының жұмысымен танысып, «Күрті – Қонаев» автожолын қайта жаңарту жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылып жатқан учаскелерді тексерді.

Бұдан әрі министр Қарабаев Күрті ауылынан Қарағанды қаласына дейінгі учаскеде «Алматы – Екатеринбург» тасжолымен автокөлікпен жүріп өтті. Сапар барысында М.Қарабаев «Күрті – Бурылбайтал», «Балқаш – Бурылбайтал» мен «Қарағанды – Балқаш» қайта құру учаскелерін тексерді», – деп хабарлады ҚР Көлік министрлігінің баспасөз қызметі.



● ЕЛТОҚ ДІЛІМБЕТҰЛЫ – 120

ҚАЙСАР МІНЕЗДІ ҒАЛЫМ

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ



Биыл қазақтың көрнекті ғалымы Елтоқ Ділімбетұлы Ділімұхамедовтың туғанына 120 жыл толды. Тарихымызды тануда бірі білсе, бірі біле бермейтін бұл тұлғаның ел үшін атқарған еңбегі орасан зор. Қазақтың тарих ғылымында елеулі орны қалған Елтоқ Ділімұхамедов 1903 жылы 21 қыркүйекте Қарақалпақ АССР-і Қара-Ұзақ ауданы, Көккөл ауылында дүниеге келген. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында зейнеткерлікке шыққанға дейін ұзақ жылдар жемісті жұмыс істеп, ел тарихын зерделеуге зор еңбек

сіңірді. 1954 жылы Елтоқ Ділімұхамедов «XX ғасыр басындағы Қазақстан кеншілердің революциялық қозғалысы» деген тақырыпта екінші кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Ал 1973 жылы «XIX ғасырдағы Солтүстік және Орталық Қазақстандағы тау-кен және фабрикалық өнеркәсіп және жұмысшы табының қалыптасуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Қазақстан тау-кен өнеркәсібінің пайда болуы және жұмысшы табының дамуына қатысты мәселелерді зерттеді. Сонымен қатар, көрнекті ғалым «Қазақ КСР тарихын» дайындауға белсене қатысып, 90-ға жуық ғылыми еңбек пен мақала жариялады.

Ғылыми-зерттеу тақырыбы – Хан Кене

Елтоқ Ділімұхамедовтың ғылыми зерттеу алаңы Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты болды. Аталмыш зерттеу оның саяси қуғынға ұшырауына алып келді: 1946 жылы 17 желтоқсанда Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде Кенесары Қасымов бастаған қазақтар көтерілісі туралы кандидаттық диссертация қорғады. Кейіннен, 1951 жылы Жоғарғы аттестациялық комиссия Кенесары Қасымов көтерілісін «қауіпті» реакциялық қозғалыс деп жариялап, ғалымға тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы шешімнің күшін жойды. Е.Ділімұхамедов Кенесары Қасымовтың «реакциялық-монархиялық» қозғалысын жариялауда саяси «қателік» жіберді деген айып тағылды.

Қазақ халқының Кенесары бабамыз бастаған ұлт-азаттық қозғалысын зерттеуші ғалым ретінде Е.Ділімұхамедов Хан Кенеге қатысты өзінің бірнеше ғылыми теориялық тұжырымдарын келтіреді.

Біріншіден, Хан Кенесары Қасымов 1837–1847 жылдардағы қазақ халқының тәуелсіздігін сақтау жолындағы патшалық Ресейге қарсы көтерілісін басқарды. Оның күресі халықтың ортақ мүддесі мен қазақтардың тәуелсіздігін сақтау талаптарын көрсететін прогрессивтік мәнге ие. Кенесары өзін ержүрек қолбасшы, дарынды басшы ретінде ғана емес, білікті дипломат ретінде де таныта білді. Оның күресі тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру жолында Ресей патшалығына да, Қоқан хандығына да қарсы бағытталды. Кенесары Қасымовтың күресі ерлік сипатқа ие болып, рулар арасындағы ежелден келе жатқан өзара тартыс үрдісіне қарамастан, қалың бұқараны одан да маңызды шайқас – тәуелсіздік үшін шайқасқа тарта білуімен ерекшеленді.

Екіншіден, Кенесары Қасымов әкесі мен ағаларының ауыр хәлін ұғына отырып, халқының абыройы үшін сыртқы жауларға ерлікпен қарсы шықты.

Үшіншіден, Хан Кене даңқты атасы Абылай ханның жолын жалғастырса, көтеріліс басылғаннан кейін оның ізін ұлдары Жаппар мен Садық басты.

Төртіншіден, Садық Орта Азиядағы батырлардың бірі де бірегейі болды. Ол отарлау саясатына қасқая қарсы тұрды.

Бесіншіден, қазақ даласын отарлауды Абылай бірнеше онжылдықтарға шегерген болса, Садық Кенесарин де дәл сол жолды ұстанды. Кенесарының азаттық күресі Шәмілдің Кавказдағы күресіне ұқсас: екі азаттық үшін күрескер патша күштерін айтарлықтай күйретіп титықтатты. Соның салдарынан патшалық Ресей жергілікті

халық арасындағы барлық ықпалын жоғалтты.

Алтыншіден, Кенесарының жасақтарында орыстар, өзбектер, башқұрттар, татарлар және т.б. болды.

Жетіншіден, Кенесары патшалық феодалдық Ресейге қарсы күресті. Кенесары патшалық Ресейді ыдыратуға, оны әлсіретуге бағытталған күресті ұйымдастырған халық қаһарманы болды. Оның күресі объективті түрде прогрессивті болды. Сұлтаннан шыққанына қарамастан қазақ көтерілісінің негізгі қозғаушы күші болды. Тәуелсіздік жолындағы Абылайдан бастап, Кенесарыға дейінгі ұлт-азаттық дәстүрлері ұлттық қозғалыстың жаңа толқынына күшті серпін болды.

Талантты ғалымның бай ғылыми мұрасы әлі де тиянақты зерттелуі керек

Міне, осы және тағы да басқа ғылыми тұжырымдар қазіргі таңдағы Кенесарының көтерілісін зерттеуде өте құнды ақпараттар болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және жоғарғы ғылым министрлігі ғылыми мұрағатында Е.Д.Ділімұхамедовтың бірқатар ғылыми еңбектері сақталған.

Көрнекті ғалымның жүріп өткен ғылыми қызметінің тарихи маңызы зор. Оның өмірі мен шығармашылығы тарихшы ғалымдардың бір емес бірнеше буынын тәрбиеледі. Талантты ғалымның бай ғылыми мұрасы әлі де тиянақты зерттелуі керек. Ғалымның ғылыми тұжырымдарының өзектілігі өз құндылығын жойған жоқ. Қаған партиялық бақылауға қарамастан қазақ тарихы үшін батыл қадамдар жасай білген қайсар мінезді ғалым барлығымызға үлгі десек, артық айтқанымыз емес деп білеміз. Биылғы жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты қарар қабылдап, Республикалық ғылыми конференция өткізуді жоспарлап отыр. Ғалымның еңбектері «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» жеті томдық академиялық басылымын әзірлеуде пайдаланылды. Белгілі ғалым-тарихшы, құрметті аға-әріптесіміз біздің жадымызда мәңгі сақталады. Жиренше шешенше айтар болсақ, «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген осы болса керек...

З.Е.ҚАБЫЛДИНОВ,

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор.

● АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

Тақырыбымызға тұздық үшін алдымен мына бір ғибратты дерек сөзіне ден қойғанды жөн көрдім. «Қаланың басшылары мен әкімдері төрт түрлі болады. Нағыз әкім. Ол – бірінші басшы, сондықтан оның бойында ұштасқан алты қасиет болуы керек: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтқысыз сендіру, өте жақсы қиялдау болып кете береді». (Әл-Фараби. «Қайырымды қала мен нағыз әкімдер туралы»).

СТУДЕНТТЕРДІҢ ДАСТАРХАНЫН ОЙЛАП ОТЫРАТЫН

Алматыны басқарған Ақан Жолайұлы Қойшымановтың бойында да осы қасиеттер шоғырланған деп батыл сеніммен айтуға әбден болады. Ол қанында бар мейірім, ізгілік, биік парасатпен қатар, мол білім жиған азамат еді. Тарихты жақсы білді, көркем әдебиетті көп оқыды. Сондықтан да болар, өзінің сан салалы қызметінің бір қасиетті міндеті ретінде ауыл мен қала арасындағы байланыстың үзілмеуіне көп күш салды. Былайша айтқанда, дала мен қаланы өркениеттің тоғысқан жеріне айналдыруды армандады. Ол арманына біртабан болса да жақындады. Кезінде қаланы ауыл асырайтын. Қазір қала да, ауыл да өз бетінше күн көруге кіріскені жасырын емес. Ойымызды Ақаңның асыл жары Дина Ғибатқызы Қойшыманова былай толықтырар еді.

– Ол қалада жайлы тұрмысты бастан кешіп отырса да ауылдың жағдайын көбірек ойлайтын. Біз қазір бір құндылықтарды жоғалту арқылы екінші құндылықтарды өмірге әкеліп жатырмыз. Бұрынғының бәрін жоққа шығаруға болмас. Кезінде тұтыну кооперациясында көкөніс, жеміс-жидек дайындаудың қалыптасқан тәртібі болатын. Сол арқылы келер жылға арнаулы қоймаларға көкөніс, жеміс-жидектің мол қоры жасалынатын.

Ақан Жолайұлы жыл сайын кезінде дайындау мекемелерімен түрлі жиналыстар өткізіп, олардың арасында ынталандыру мақсатында өзара жарыстар өткізуді дәстүрге айналдырған. Осы арқылы халықтың тұрмыстық жағдайының жақсарып, материалдық жағынан елеулі көмек алуларына да мол мүмкіндік туғызды. Жакын облыстар мен қала маңындағы аудан басшыларымен келісім-шарт жасалып, қала халқын құнарлы, арзан азық-түлікпен, шаруашылық бұйымдарымен қамтамасыз етудің тиімді жобасын жасады. Сонымен қатар, қала халқы науқандық қауырт жұмыстарда ауыл еңбеккерлеріне өз көмек қолдарын созады. Ақаңның бұл тірліктері топырақтан, ауылдан қол үзбеудің тиімді жолы деп отыратын.

«Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген нақыл тәуелсіздіктен бермен қарай айтыла бастады. Табиғаты қарапайым Ақаңның бойында бұл нақылдың неше атасына жауап беретін қасиеттер жеткілікті еді. Дина апамыз естелігінің бір тұсында: «Ол күнде таң бозынан тұрып, жаяулатып, күнделікті тұтыну заттарын сататын дүкендерді аралайтын. Алматыда бір күн нан болмай қалуын көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Мысалға, бір ғана Алматы қаласында нан сататын 360-қа жуық дүкен бар болатын. Сол дүкендерге нанның жеткізіліп отыруын өзі қатаң бақылап отыратын. Халықтың неге зәру екенін арнайы диспетчерлік орталық аштырып, зерттеу жұмыстарын жүргізетін», – депті.

Расында, ол өзін ешқашан бастық

сезінуге уақыты да болмаған тәрізді. Осы ұстаным отбасында да қалыптасты. Ападың мына бір сөзі соның айқын дәлелі: «Қапшағайда да, Алматыда да оның қызмет бөлмесіне кіріп көрмеппін. Тіпті, қанша еңбекақы алатынын да білмеппін. Өзімнің рөлім үйде ғана деп білдім. Айтсам, сенбеулері де мүмкін. Мен ел қатарлы сүт кезегінде тұрып, үйге азық-түлік әкелетінмін», – дейді. Иә, Ақаң ел қатарлы демалу дегенді де ойламапты. Өмірінде бір-ақ мәрте Бурабайда демалыпты. Қалт етсе ауылға баратын көрінеді. Еңбекақы демекші, өмірден озғанда жинақ кітапшасында бар болғаны 50 доллар қалыпты.

Мұндай әкімді қазір күндіз шам алып іздесең де таппайсың ғой. Бұл аз десеңіз, қызмет бабын пайдаланып, заңғар сарай салмапты. Ел қатарлы үкіметтен алған пәтерде тұрды. Қала маңынан бір сотық жер де алмаған. Тіпті, жеке көлік алуды да ойламаған. Қолында шексіз билігі бар адам еді ғой. Бәзбіреулер ол кезде партия қыбыр еткізбейтін дер. Солайы солай ғой. Бірақ соған қарамастан жасайтындар жасады, басатындар басып қалды ғой.

Ақаң аса білімпаз болумен қатар, сөзге де шешен болыпты. Баяндамаларын да өзі жасаған. Тағы бір қасиеті жастардың, әсіресе, студенттердің ортасында болуға асығады екен. Тіпті, солар не ішіп, не жеп жүр деп, жатақханаға тартып кететін күндері де жиі болып тұрады екен. Әрине, тұла бойына ұлт рухын сіңіріп өскен мұндай жанның көзден де, көңілден де өшпесі, ұмытылмасы хақ. Қазақтың ақ жаңбыр ақыны Тұманбай Молдағалиевтің Ақаң туралы мына бір аза жырын оқыған жанның толқымауы еш мүмкін емес.

*«Алматы үшін барлық күшін
аямаған Ақаным,
Үлкендерді ағалап, кішілерді
аялаған Ақаным.
Ел ананың ұлы болдың,
бірі болдың мықтының.
Өз ұланын аялауға
ұясынан шықты күн.
Өміріңді арнап едің,
ұмытпады сол елің,
Көше беріп, құрметтеді
есіміңді тік тұрып.
...Тоқтатты өмір,
тез тарқатты бір тойын,
Есігінен естілмейді күлкі, ойын.
Бауырымды іздеп,
тамып кеткен бетіме,
Көзім жасын
неменемен сүртейін.
Көптен бері ұйықтап
жатсың жсопада,
Жолығатын жағдайың
жоқ ботаңа.
Көше болып тұрғаның да
көңіліме,
Бір жып-жылы сезім құйды,
о, тоба».*

Халық ақыны халық ұлын осылай жоқтады.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.



КИНОКЕҢІСТІК

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫ
қоғамдық санаға серпіліс бере ала ма?

Кино индустриясы – идеологияның қуатты құралы. Ол өзінің осы күнге дейінгі бір ғасырдан астам тарихында мұны талай мәрте дәлелдеген. Көпшіліктің назарындағы фильмдердің қашан да қоғамдық ойды қалыптастыруда үлкен ықпалы бар. Олар тұтас буындарды тәрбиелейді. Әсіресе, жаңа дүниені тез қабылдап алуға бейім жастардың дүниетанымына кинотуындылардың әсері айрықша.

Көрген фильміңіздегі бас кейіпкерді өзіңізбен салыстырып, кинотеатр залынан осыған дейін кешкен өміріңізді, не істеп жүргеніңізді ой елегінен өткізіп, кірген мезеттегіден мүлде өзге болмыспен шығатын хал сізге таныс шығар? Бойыңыздағы бірдеңені өзгерткіңіз келетін еді ғой. Міне, кинотуындының адам санасына серпіліс әкелу жолы осындай.

Айталық, 2000 жылдары Ресейде танымал болған «Бригада» сериалы шыққан тұста ел аумағында жасөспірімдер қылмысының деңгейі күрт өсіп кеткені байқалған. Ал құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысын көрсеткен «Глухарь» және «Опера» сериалдары теледидардан беріле бастағанда жасөспірімдер арасындағы қылмыс азайып кеткен екен. Тіпті, полицияда қызмет еткісі келетін жас жігіттер көбейген.

Біз осы бір эффектін тарихи жайттардың барысында көз жазып қалған көп құндылығымызды қайта жаңғыртуды бағыт етіп алған ұлт ретінде онтайлы пайдалануға тиіс едік. Алайда, өкініштісі, бұл жағдайды сәтті пайдаланғанымыздың мысалы жоқ десе де болғандай. Оның орнына бірінен соң бірі толастамайтын арзан комедияларды шығардық. Не қазақтың шым-шытырық туыстық желісін, не ауылдан қалаға келген қазақты, не той тақырыбын езіп жүргенімізге осымен неше жылдың жүзі болды. Әрине, қазақ киносының жетістігі деуге тұрарлық жақсы туындылар санаулы болса да бар. Бірақ бүгінде



- Көпшіліктің назарындағы фильмдердің қашан да қоғамдық ойды қалыптастыруда үлкен ықпалы бар. Олар тұтас буынды тәрбиелейді.
 - Бірінен соң бірі толастамайтын арзан комедияларды шығардық.
 - Бүгінде шығып жатқан қазақ киносындағы он дүниенің тоғызы – тілі орысша-қазақша аралас мәңсіз күлдіргі фильмдер екеніне халық куә.
 - Интеллектуалды киноны түсінбейтін, не берсе соны жұта беретін меніреу аудиторияны онжылдықтар бойы жүйелі түрде қалыптастырып келеміз.
- Мұндай аудиториядан ғаламдық мәселені шешетін ғалым, ағысқа қарсы жүзген ақын, халқын қайраңнан шығаратын қайраткер шықпайды.

шығып жатқан қазақ киносындағы он дүниенің тоғызы – осынау тілі орысша, қазақша аралас мәңсіз күлдіргілер екеніне халық куә. Интеллектуалды киноны түсінбейтін, не берсе соны жұта беретін меніреу аудиторияны онжылдықтар бойы жүйелі түрде қалыптастырып келеміз. Мұндай аудиториядан ғаламдық мәселені шешетін ғалым, ағысқа қарсы жүзген ақын, халқын қайраңнан шығаратын қайраткер шықпайды.

Ал енді жоғарыда айтып өткен эффект жүзеге асса, қоғамдық санамызға қаншалық нұқсан келгенін бағамдай беріңіз. Қазақ киносы сапалық тұрғыда өспей, бұрынғыша жалғаса берсе, әлемде көтеріліп жатқан озық ойларға ілесе алмай, интеллектуалды деңгейге шыға алмай кетуіміздің қаупі үлкен. Өйткені,

«орынсыз ыржың, болымсыз қылжақ» рухында тәрбиеленген тобыр буын өзінен кейін дәл сондай буынды тәрбиелейді. Осылай кете бермек, бұл жалғастықтың үзілуі екіталай. Интеллектуалды деңгейді былай қойғанда, тілі «шұбар ала» комедияларды ұлттық бірегейліктің үстіне төнген қара бұлт деп білу керек. Мұндай кино азаймаса, оның бас кейіпкерлерін жақсы көріп өскен ұрпақтың орысша аралас, былапыт сөзге «бай», былғаныш тілді қалыпты дүниеге балап кететініне, содан соң оны өзі де тұтынатынына күмәнданбай-ақ қойыңыз.

Ал сіз қазір көріп жүрген дүниелеріңіздің өзіңізге қалай әсер етіп жатқанына ой жүгіртіп көрдіңіз бе?

Мағжан АСҚАР.

МӘЖІЛІС

ЗАҢ
ЖОБАСЫН
МАҚҰЛДАДЫ

2024 жылғы
1 қаңтарда
балаларға Ұлттық
қордан
қаражат төлене
бастайды

Мәжіліс Ұлттық қордан балаларға төлем жасау туралы заң жобасын мақұлдады. «Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50%-ы балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнайы жинақ шоттарына аударылады. Бұл қаражатқа олар болашақта тұрғын үй жағдайын жақсартып немесе білім ала алады. Тұрғын үй сатып алуға немесе жақсартуға Қазақстан аумағында ғана рұқсат етіледі, ал білім алу үшін шетелдік оқу орнында оқуға мүмкіндік бар», – деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Жинақ және төлем тетігі 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Әрбір баланың шотына оның туғаннан немесе Қазақстан азаматтығын алған кезден бастап 18 жасқа толғанға дейін бағдарламаға қатысқан тиісті жылы үшін бірдей сома аударылады. Тек шотта жинақталған қаражатты 18 жасқа толғаннан кейін ғана пайдалануға мүмкіндік беріледі. Алайда, балалар азаматтықты өзгерткен немесе жоғалтқан кезде бұл құқығынан айырылады. Сонымен қатар, төленетін қаражат салық салудан босатылады. Заң Сенатқа жіберіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

КӨРМЕ

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Мен жүрегіммен көремін» атты ерекше көрме ашылды. Ерекшелігі сонда, онда қойылған суреттер зағип жандардың қолынан шыққан. «Бұл жоба көзі нашар көретін және мүлдем көрмейтін жандардың өміріне ғана назар аударуға емес, сонымен бірге біздің әлемнің сұлулығына ерекше тәнті барлық адамның мәңгілік өнерге деген махаббатына арналған», – дейді бірегей көрмені ұйымдастырған якут суретшісі Марика Андреева.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Біз, яғни көзі көретін адамдар ақпараттың 80%-ын көру арқылы қабылдайды екенбіз. Ал зағип жандарда басқа сезімдер мен түйсіктер ерекше дамыған. Қараңғылық оларды сыртқы әлемнен айырғанымен, өздерін шынайы естуге мүмкіндік береді деседі. Оларды алаңдататын артық ештеңе жоқ. Сондықтан олар өзінің жан-дүниесіне алаңсыз саяхаттай алады дейді зерттеушілер.

«Мен жүрегіммен көремін» әлеуметтік жобасына бұрын якуттық азаматтар қатысып жүрген болатын. Кешегі көрмеде олардың қатарына өзіміздің Ардан Ғалымұлы да қосылды. Оның Қастеев музейі төрінен орын алған суреті «Еркіндік» (холст, май) деп аталады екен. Шығармашылыққа жақын жігіттің көзі көрмесе де, спортта да өз биігін

«МЕН ЖҮРЕГІММЕН КӨРЕМІН»
немесе зағип жандар айналасын қалай сезінеді?

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

бағындырып жүр. Ол голболмен (көзі нашар көретін және мүлдем көрмейтіндерге арналған, құрамында үш ойыншы болатын спорттық ойын) айналысады. Әлеуметтік желіде жиі көрініп жүрген белсенді блогер. Көрмеге оның шашбауын көтеріп келіншегі Томирис те келді. «Мен – Арданның көзімін, ал ол – менің жүрегім» деген Томирисінің жарын да, оның әрбір қадамын да құрметтейтіні көрініп тұрды.

Сондай-ақ, бірегей әлеуметтік көрмеде якутиялық зағип жандар – Илья Смертиннің «Табиғатын», Валерий Корниловтың

«Автопортретін», Иннокентий Кононовтың «Шабындық» туындысын, Сахия Данилованың «Күннің батуы» шығармасын, Мичил Моисеевтің «Арманын» тамашаладық.

Олар бұл туындыларында өздерінің әлемге деген көз-қарасын, оны іштей қалай көретінін және сезінетінін көрсете білген. Өнер арқылы олар өз ойын, арманын жеткізуге тырысқан. Әрбір туынды зағип жандардың өзіне ғана белгілі басқа шындықта өмір сүретін адамның ішкі әлеміне тарта отырып, көрерменнің терең сезіну түйсігін тудырады.

Жоғарыда аты атылған зағип жандар туралы бірер сөз айта кетсек дейміз. Мәселен, Сахия Данилова өмірге көз ақауымен туған екен. Өкінішке қарай, оның дертінің алдында медицина дәріменсіз болып, көру қабілеті біртіндеп нашарлай беріп, қазіргі уақытта мүлдем көрмей қалған. Тағдырына мойыған Сахия жок, Тарих факультетін бітіріп, мамандық игеріп шықты және жеңіл атлетикамен, үстел теннисімен айналысып жүр. Ол «Күннің батуы» деп атаған картинасында ұясына қонып бара жатқан күннің шапағына танданып тұрған отбасын бейнелепті. Сахия отбасын құруды армандайды. Рухты қыздың арманына жететініне сенеміз.

Ал 16 жасқа толған сәтінде «Табиғатты»

бейнелеген Илья Смертиннің арманы тіпті ерекше және сізді тебіртпей қоймасы анық. Ол жарық дүниеге зағип болып келген. Дегенмен, «арманыңыз қандай?» деген сауалға «мені үнемі қамқорлыққа, жылылыққа бөлеп жүретін анашымның жүзін бірер секундқа болса да көру» деп жауап берген. Ильяның «Табиғат» картинасына сылдырлап ағып жатқан өзен, жағасындағы жасыл желекті ағаштар, суға әбден шайылған таптаза тастар бейнеленген.

«Автопортрет» иесі Валерий Корнилов та қара жаяу емес, сурет салудан тыс, «Егор оқуларында» өнер көрсетеді. Ал «Шабындық» иесі Иннокентий Кононов көзі көрмесе де, өз қолымен үй тұрғызған жан.

Көрме аясында алматылықтар өзгеше форматта ұйымдастырылған концертті де тамашалады. Концерт алдында көрермендерге қара түсті көзге танағын таңғыштар таратылып, олар музыканы көздері байланған күйі тыңдады. Таңғажайып бұл эксперимент көпшілікке ұнаған секілді. Сөйтіп, ұйымдастырушылар зағип суретшілердің картиналарымен қатар, дыбыстың, музыканың, иістің және басқа да иммерсивті компоненттердің көмегімен өнерге толықтай ену мүмкіндігін жасауға ұмтылғандай. Иә, жиналған жұрт музыкалық аспаптан төгілген әуендердің қараңғылықта мүлдем басқаша естілетінін, ерекше қабылданатынын айтып жатты.

Ал біз өз кезегімізде ерекше жандардың өздерінің әлеміне үнілуге мүмкіндік бергені үшін, жүректерінің ашықтығы мен тазалығы үшін алғыс айтамыз.



2023 жылғы 19 қыркүйектегі №3/370-538

**Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы
(жария сервитут)**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тұздыбастау» қосалқы бекетіне кабельдік желілерді жүргізу мақсатында меншік иелерінен (жер пайдаланушылар) жер учаскелерін алып қоюсыз, осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне 3 жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (жария сервитут) белгіленсін.
2. Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен бірлесе отырып:
 - 1) жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушылар) қабылданған қаулы туралы хабарласын;
 - 2) осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
 - 3) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 19 қыркүйектегі
№3/370-538 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-315-062-261	Медеу ауданы, Құлжа даңғылы, 104/14 учаске	0,0518
2	20-315-062-366	Медеу ауданы, Құлжа даңғылы, 92/4 учаске	0,0870
3	20-315-062-223	Медеу ауданы, Құлжа даңғылы, 106/2 учаске	0,0032
4	20-315-062-204	Медеу ауданы, Құлжа даңғылы, 94/1 учаске	0,0028
5	20-315-062-245	Медеу ауданы, Құлжа даңғылы, 106/1 учаске	0,0037
6	20-315-062-344	Медеу ауданы, Құлжа даңғылы, 94/8 учаске	0,0065
7	20-317-105-479	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы	0,0007
8	20-317-105-551	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 297/4 учаске	0,0280
9	20-317-105-545	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 297/98 учаске	0,0631
10	20-317-105-556	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 297/4 учаске	0,0007
11	20-317-105-509	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 97/17 учаске	0,0846
12	20-317-105-503	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 297/7 учаске	0,0121
13	20-317-105-520	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 297/95 учаске	0,0901
14	20-317-105-210	Түркісіб ауданы, Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 490 учаске	0,0413
15	20-317-106-083	Түркісіб ауданы, Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 481 учаске	0,0182
16	20-317-106-293	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 153/1 учаске	0,1732
17	20-317-106-307	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 153/38 учаске	0,0550
18	20-317-106-304	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 153/37 учаске	0,1895
19	20-317-106-292	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы 153/1 учаске	0,0811
20	20-317-106-298	Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы 153/1 учаске	0,0039
21	20-317-106-320	Түркісіб ауданы, Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативтің жері	0,2026
22	20-317-106-055	Түркісіб ауданы, Гүлдала ауылдық округі	0,1372

**Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №4
бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау
комиссиясының хабарламасы**

Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелгенін хабарлайды:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
1	Анохин Юрий Владимирович	1957	«Денсаулық» сараптамалық-консультациялық орталығы ЖШС, дәрігер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, орыс

2023 жылғы 19 қыркүйек.

**«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ**ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!**

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 колжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
- * *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
- * *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!****ЕГЕР:**

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«МИЗАМ ШУАҚ»

*Қыркүйектің соңғы шуақты күндерінің бірі.
Осы айдың 22-23-іне күзгі күн мен түннің теңелуі
орын алады*

Осы айда ауа райы құбылып тұр. Аспанды бұлттар тұмшалап, торлап, аракідік жаңбыр сіркіреді. Түс мезгілінде күннің көзі сәулесін шашып, қайта жылынады. Еліміздің өзге өңірлерінде қар ұшқындап жатқанымен, Алматы қаласында оқта-текте сіркіреген жаңбырмен шектеліп тұр. Енді жылылық қайтадан қалпына келе бастайды. Өйткені, қазір бірер аптаға созылатын «Мизам шуақ» амалы басталды.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Жаздың аптап ыстығының беті қайтқасын қыркүйек айының соңғы күндері мен қазан айының ортасына дейін болатын шуақты күндерді қазақтар «Мизам шуақ» деп атайды. Далада өрмекшінің өрмегі ұзыннан ұзын (мизам болып) шұбатылып жататын кез. Ауылда ақсақалдарды күн ауып, кеш батқан сәттен бастап күн қатты суытып, жаңбыр жауып немесе түнде шөп басына шық түскен сәтті мизам шуақ уақыты келді деп есептеген. Керісінше, түнгі уақытта болған суықтың ызғары күн шыға салысымен бірден басылып, айнала күннің сәулесіне бөленіп, далада өрмекшінің торы секілді ұшпалы ақ сілбі қаптап кетеді. Сол мамықтай майысақ ұшпаны қазақтар мизам деп атайды.

ЖОБА

«СӘБИ ОҚУЛАРЫ»
ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Алматыда «Сәби оқулары» жобасы аясында әлеуметтік осал топтағы балаларға мыңға жуық кітап табысталды. Бұл жоба «Сәби» қоры мен қаладағы баспа үйлерінің бірінің бірлескен жұмысы арқылы іске асуда.

Досбол
АТАЖАН

«Сәби оқулары» жобасы негізінде алғашқы кітап сөресі SOS Алматы балалар қалашығына табысталады. «Сәби» қоры жоба аясында арнайы кітап сөрелер жасатқан, ал баспа үйі аталмыш сөрелерді қазақ тіліндегі кітаптармен толтырды. – Жобаның бірінші кезеңінде Алматы қаласы бойынша 5 әлеуметтік мекемені қамтып отырмыз. Баспа үйі тарапынан мыңға жуық кітап берілді. Ары қарай бірлескен жұмыс аясында еліміздегі өзге өңірлерде де бұл жобаны іске асыру жоспарда бар. «Сәби» қоры 2002

Мизам шуақ уақыты кіргеннен бастап әйелдер тездете қыстық азықтарын дайындауға кіріссе, ер адамдар жинаусыз қалған егістіктерін жинап, отын-жалпылдақтарын теріп, қысқа қамдануды бастайды. Мизам шуақта ауа райы жақсы болса, күз суық болады, ал егер керісінше суық болса, қазанның соңғы күндері және қараша айлары құрғақ болады деп болжам жасап, ырымдаған.

Мизам сөзінің төркіні араб-парсы тілдерінде «таразы» мағынасын білдіретін мизан сөзінен келген. Араб-парсы тілдерінде мизан сөзі «өлшеуіш, таразы» мағыналарын білдіреді екен.

Өткен жолы пайымымызда Үркердің көкке көтерілгенін жазғанбыз. Бұл күйек мезгілі келгенінің белгісі. Шаруалар осы мезгілде қозыны енесінен айыру, күзем қырку, өзен суына тоғыту сияқты шараларды жүзеге асырады. Малды жайлаудан ылдига түсіруге кіріседі. Бидай, жүгері, жалпы егін жинау қарқын алады. Жаздың соңы болғандықтан, шөптің өсуі тоқтайды, пішен шабу қарқын алады. Күн мен түн теңеліп, қатты ыстық қайтып, ауа райы бір қалыпқа түсе бастайды.

Күн мен түн теңелу демекші, болжаушылардың айтуынша, бұл құбылыс көктемде және күзде болады. Әлемдік уақыт бойынша, солтүстік жарты шарда көктемгі күн мен түннің теңелуі 20 наурыз күніне сәйкес келеді. Бұл уақытта Күн оңтүстік жарты шардан солтүстік жарты шарға ауысады. Ал күзгі күн мен түннің теңелуі Күн солтүстік жарты шардан оңтүстік жарты шарға ауған кезде орын алады. Ол қыркүйек айының 22 немесе 23 жұлдызына сәйкес.

Бүгін туған айдың алтыншы жаңасы. Григорианша қыркүйектің – 21-і. Қазақ есеп бойынша, айдың сегізі. Демек, бұл апта айдың басы мен үшінші онкүндігіне дөп келіп тұр. Ауа райы құбылуы, жаңбыр жаууы, салқындық орын алуы ықтимал...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

*Жан-жануарлардың қимылына қарап
жасалған жорамал:*

- * Қыркүйек басталғанда түйе бір жағына ықтап, жайсыз жатса, келер қыс қатты болмақ.
- * Басын құбылаға беріп, төрт аяғын керіп жатса, қыс жайлы болады деп болжанған.
- * Қыста түйе ернін жиі жыбырлатып, жылқы оқыранып құр жұтыпса, көктем ерте туады.
- * Жылқы жиі пысқырыпса, ауа райы бұзылады.
- * Суатқа айдаған кезде пысқырынып тебінсе, жаңбыр жауады.
- * Сиыр танауын қусыра тартып, мойнын жиі-жиі бұлғақтатып мазаланса, дауыл не боран соғады.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

БІЛІМДІ БИІККЕ САМҒАЙДЫ



СОҒЫСТЫҢ QR КОДЫ



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.



жылдан бері жұмыс істеп келеді. Біз қазақ тілін, қазақтың мәдениетін, әдет-ғұрыптарын насихаттау бағытында жұмыстар атқарамыз, – деді «Сәби» қорының жоба жетекшісі Рысжан Кержикова.

«Сәби оқулары» жобасының негізгі мақсаты – жастар, әсіресе әлеуметтік осал топтағы балалар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Алдағы уақытта бұл жоба қазақ тіліндегі балалар әдебиетін халыққа кеңінен таныту, ілгерілету бағытында жұмыс істейді.

– Біздің хоспис мекемелер мен балалар үйі сынды балалары бар мекемелерге кітап беру туралы ойымыз болған. Айтылған идеяны іске асыру үшін біз «Сәби» қорына жүгіндік. Жарты жылдан кейін жобамыз іске асып отыр. Жалпы, баспа үйіміз шығарған кітаптардың 80%-дан астамы – балалар әдебиеті. Әлеуметтік қиын жағдайда өскен балаларға эмоционалды даму қажет. Оған кітап оқу өте жақсы көмектеседі, – деді баспа үйінің директоры Раиса Қадыр.

Айта кеткен жөн, тегін кітаптар таратылған SOS Алматы балалар қалашығы «SOS Қазақстанның балалар ауылдары» корпоративтік қорының құрамына кіреді. Корпоративтік қор 1994 жылы мемлекеттік емес әлеуметтік ұйым ретінде SOS Children's Villages International халықаралық ұйымының қолдауымен құрылған. SOS Балалар ауылы – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға ұзақ мерзімді отбасылық қамқорлық бағдарламасы.